Казахстан, г. Астана, e-mail: catok-s67@mail.ru

<sup>4</sup>старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: akfaizullina@mail.ru

<sup>5</sup>профессор, Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: asha.001@mail.ru

<sup>6</sup>магистр гуманитарных наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bekenovazh588@gmail.com

### **Развитие ценностной ориентации через фольклор как основа духовной модернизации**

В статье рассматривается как основа духовной модернизации развитие ценностной ориентации подростков, воспитывающихся в детских домах, через фольклор в учебно-воспитательном процессе. Всесторонне изучены особенности развития ценностной ориентации



через познавательные и игровые занятия с детьми, которые имеют социальный статус, живут в условиях «психической субдепривации», т. е. изучаются особенности развития воспитанников детских домов на основе фольклорных материалов и специально организованных совместных диалогов. Самооценка детей раннего возраста, являющегося важнейшим этапом развития личности в онтогенезе в системе наук и знаний, и его важнейшая характеристика напрямую связаны с требованиями, обосновывающими новые общественно-экономические социальные изменения в стране. Изменения в социально-экономическом развитии общества, в развитии общественно-исторических процессов, все изменения в образовательной сфере требуют разработки новых исследовательских направлений, связанных с изучением особенностей личностного развития подростков. Любые ситуации в стране обязательно приводят к изменениям содержания, характера, форм психического развития подростков. Поэтому, наряду с самообразованием, необходимо активно проводить психолого-педагогические исследования по вопросам формирования этнического сознания, системы ориентации на ценности на основе модернизации сознания. Одним из важнейших вопросов в сфере психологической практики является активизация содержания ценностной ориентации воспитанников детского дома на жизненно значимые ценности. Также изучение роли развития национальных традиций и ценностей национальной культуры в личностном развитии воспитанников детского дома является одной из проблем духовной модернизации и психолого-педагогической модернизации, которая не всегда имеет значения. Актуальность исследования напрямую связана с развитием в учебно-воспитательном процессе, связанном с системой ценностной ориентации развития самосознания и этнического сознания в личностном развитии воспитанников детского дома, являющейся одним из аспектов жизни. Вместе с тем, вопросы, связанные с созданием теоретических и методологических основ создания путей психологического и педагогического воздействия на условия, тесно связанные с развитием сознания, этнического сознания, ценностной ориентации воспитанников детского дома.

**Ключевые слова:** модернизация сознания, духовная модернизация, психическое развитие, ценностная ориентация, психология фольклора, психологические особенности воспитанников детского дома, этническое сознание, этнокультурные ценности, психическая субдепривация.

## Кіріспе

Қазақстан жаңа тарихи кезеңге өтті. Ел басының ағымдағы жылдың жолдауында Қазақстанның үшінші модернизациясының басталғанын жариялады. Өз жолдауында Президент жаңа түрдегі модернизация өз мәдениетінді, ұлттық бейнеңді сақтау, тарихи тәжірибелер мен дәстүрлер модернизацияның сәтті болуының маңызды шарты деп атап өтті. Сонымен қатар жолдауда рухани жаңғыру ұлттық сананы өзгерту деп нақты атады (ҚР Президентінің халыққа жолдауы, 2017). Сонымен қатар Президент ұлттық тарихымыздың мағынасы бірлескен үш жүйелі мағыналы міндеттерді біріктіреді – тиімді және қуатты мемлекет, бірлескен толерантты қоғам, Инновациялық экономика. Интеллектуалды ұлт, интеллектуалды элита болу туралы жастарды рухани жағынан байытуды үлкен мақсат етіп қойып отыр.

Зерттеу негізі болған балалар үйінде тәрбиеленушілердің құндылықтарға бағдарлануын оқу-тәрбие процесінде фольклор арқылы дамыту ерекшеліктерін эксперименттік зерттеу және оларға психологиялық көмек берудің негізі психологиялық-педагогикалық жұмыстардың мүмкін деген жолдарын анықтау болды.

Психология ғылымындағы тұлғалық дамуды анықтайтын негізгі ықпалдар мен концепциялар және қазіргі жас жеткіншектерді зерттеуге психология ғылымындағы базалық теориялар мен концепциялар зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін құрайды (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев, Д.Б. Эльконин). Жеткіншектердегі тұлғалық дамудағы өзіндік санасы мен этностық санасын зерттеген негізгі зерттеу мектептерінің теориялары мен концепциялары, құндылықтар мен құндылықтарға бағдарлануды зерттеген еңбектер, сонымен қатар С.М. Жакыповтың бірлескен диалогты танымдық іс-әрекет концепциясы зерттеу мәселесін анықтады.

Адам дамыған, әрі тұрақты этномәдени нормалар мен құндылықтар жүйесінен құралатын толыққанды этностық өзіндік сананың иесі болу керек. Этностық сана-сезім – бұл көпжоспарлы түсінік (Филиппов Ю.В., Фирсова А.М., Гаврилова, 2006: 170-179).

Белорус елінде жүргізген О.Л. Романованың зерттеуінде мектепке дейінгі жастағы, бастауыш мектептегі баланың және жасөспірім жастағылардың бойындағы этностық бірдейліктің дамуы қарастырылған. Бастауыш мектептегі балаларда этностық білімнің өсуіне мүмкіндіктің,

сонымен бірге оларда ересектерден алынған жүйеленген ақпараттың бар екендігінің байқалуын өз еңбегінде атаған (Романова О.Л., 1994).

Зерттеу барысында тұлға дамуындағы сана мен іс-әрекетке байланысты теориялық жағдайлар тұлғаның қалыптасуындағы іс-әрекеттік ықпалдар және жүйелік ықпалдың негізгі принциптері жайлы психологиялық зерттеу негіз болды, өзіндік сана мен этностық сана және құндылықтар мен құндылықтарға бағдарлану жүйесінің қалыптасуы жүйелілік ықпалмен сипатталды.

Топтың этностық өзіндік санасындағы, ұжымдық бірдейліктегі этностық маңызды құндылықтар, яғни осы топ үшін ерекше, саналы түрде меңгерілген, әрі басқа топтардан айырықшаланатын құндылықтар қатысады. Зерттеулердің қатарындағы В. Кросс және басқалардың еңбегінде этностық бірдейліктің даму сатыларының қатынасындағы өзіндік баға қарастырғанын Т.Г. Стефаненконың еңбегінде баяндалған (Стефаненко Т.Г., 2004: 243-264).

Зерттеуде ерекше әлеуметтік статусы бар жеткіншектерде этностық сана мен құндылықтарға бағдарлануды қалыптастыруға әкелетін оқу-тәрбие процестерін белсендіру, психологиялық көмек көрсетудің жолдарын жасау, іс-әрекет пен қарым-қатынаста эмоциялық сфераларын орнықтыру, өзіне және қоршағандарға позитивті қатынасты қамтамасыз ету өзіндік сананы дамытады және фольклорды қолдану этностық сананы қалыптастыра отырып рухани жаңғырудың негізі қаланады деген басты идея жүзеге асырылды.

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің өзіндік сана мен этностық санасы және құндылықтарға бағдарланудың қалыптасу дәрежесін, фольклор, ұлттық салт-дәстүрлер жайлы түсініктерін, эмоциялық сферасының ерекшеліктерін саралай отырып этностық сананың негізі қалыптасты. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің этностық санасы мен құндылықтарға бағдарланудың дамуын фольклор арқылы қалыптастыратын эксперименттік зерттеуде арнайы ұйымдастырылған бірлескен диалогты танымдық сабақтар олардың этностық санасында үлкен өзгерістер әкелді.

Зерттеу бағыты балалар үйінде тәрбиеленуші жеткіншектердің тұлғалық дамуындағы құндылықтар жүйесін эмоциялық сфералармен арақатысты зерттеумен байланысты болды. Оқу-тәрбие процесінде фольклор материалдарын пайдаланып, балалар үйінде тәрбиеленушілердің

құндылықтарға бағдарлануын этностық санамен байланысты дамыту ерекшеліктері анықталды. Зерттеуде фольклор, ұлттық салт-дәстүрлер құндылықтарға бағдарлануды қалыптастыру және этностық сананы дамыту құралы деп анықтап, оның психологиялық мәнділігін зерттелді.

Этностық сана-сезімдердің даму деңгейі жеке бір тұлғаның болсын, этностың болсын маңызды дәрежеде көпұлтты қоғамның психологиялық және әлеуметтік саяси атмосферасын анықтайды (Вяткин Б.А., Хотинцев В.Ю., 1996: 69-75). Этностық фактілердің мәнді және мағыналы сипатта өсуі этностық сана-сезімдерді күшейтеді.

Ұлттық құндылықтардың негізін құрайтын аңыз-әңгімелер, ұлттық фольклор ұжымдық ойлау негізінде ұрпақтан ұрпаққа психологиялық түсініктер ретінде беріліп отырған (Бердібаева С.Қ., 2006: 102). Этнопсихологиялық түсініктер ұлт өкілдерінің табиғатын түсіндіруші, балада қалыптасатын этностық сананың негізі болып табылады. Сондықтанда ұлттық мәдени құндылықтар – халықтың интеллектік деңгейін, мәдениеттілігін бекітеді.

Жеткіншек жасындағы өзіндік сананың ерекшеліктері мына жағдайдан көрінеді: ішкі әлемі күрделеніп, өзіндік танудың тереңдеуі пайда болады. Жеткіншектердің этностық санасын қалыптастыру мәселесі білімдер жүйесінде шешімін күттірмейтін сұрақтардың бірі. Фольклор, ұлттық салт-дәстүрлер сияқты ұлттық мәдениет көрсеткіштері сол халықтың жады, ойлау көрсеткіші, этностың ойы, білімі, тәжірибелері, өмірлік құндылықтары болып табылады (Бердібаева С.Қ., 2012).

Зерттеу барысында арнайы ұйымдастырылған берілген фольклордың бір қыры халық эпостары балаларға терең психологиялық мазмұн қалдырады. Халықтық эпостар арқылы тұлғаны дамытудың психологиялық терең мазмұнын көруге болады (Вундт В., Вернер Г., Выготский Л.С.) (Бердібаева С.Қ., 2012). Құндылықтарға бағдарлануды зерттеудің педагогикалық-психологиялық аспектісі халықтың асыл мұралары – фольклор арқылы индивидтің психологиялық дамуымен байланысты болады.

Жеткіншектердегі құндылықтарға бағдарлану мен этностық сананы, барлық халықтың рухани құндылықтарының бірі болатын фольклор (халық эпостары) арқылы жүзеге асыруға болады. Оқу-тәрбие процестерінде үнемі оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану барысы өз жемісін береді.

Арнайы, жүйелі ұйымдастырылып берілген этномәдени құндылықтар балада терең пси-

хологиялық мазмұн қалдырады. Көптеген зерттеулерді талдау барысында халықтық қазына арқылы тұлғаны дамытудың психологиялық терең мазмұнын көруге болады (Вундт В., 1998).

Этностық ерекшеліктердегі танымдық іс-әрекеттің белсенділік факторы ретінде этносаралық өзара әрекеттің ықпалы туралы С.М. Жақыповтың еңбегінде назар аударылған (Жақыпов С.М., 2000: 18).

Этнос аралық қарым-қатынас ерекшеліктерін ескере отырып, бірлескен іс-әрекет процесін талдау барысында белгілі ғалым С.М. Жақыпов этносаралық қарым-қатынас жағдайында қалыптасатын мағына қалыптасудың жалпы қоры ақпараттың жалпы қорының психологиялық мазмұнын білдіреді деген тұжырымды ұсынады (Жақыпов С.М., 2002: 35-45).

Жаңа тәсілдердің бірі сабақты бірлескен диалогты танымдық формада беру, яғни бірлескен диалог формасы олардың танымдық іс-әрекетін белсендіреді, құндылықтарға бағдарлануын қалыптастырады. С.М. Жақыпов тұлғаның этностереотиптері мен құндылықтарға бағдарланудың ортасына этностық жаңсақ нанымдарды орналастырады. Осы этностық жаңсақ нанымдар ұғымын базалық деп көрсетіп, «мағыналық құрылымдар» дейді, құндылықтарға бағдарланудың негізін береді, білімді меңгеру процесі мән мен мағынаға байланысты болады (Жақыпов С.М., 2003: 114-149).

Жеткіншектер өздерін үнемі «іштей өз өзімен ұқсастырып» қабылдайды. Олардың өздерін қабылдауы кері байланыс арқылы тұлғааралық қарым-қатынас тәжірибесімен байланысты болады (Эриксон Э., 1996).

Жеткіншектер өздері тіпті кездеспеген жағдайлар үшін де ережелерді қалыптастыруға қызығулар танытады. Бұл саты үшін моралды ойлау тән болады, сол ойлау тек жеке өзінің және тұлғааралық жағдайларды ғана емес әрі әлеуметтік, этностық сұрақтарды да қамтиды (Lickona T., 1976).

Бір қатар шет елдік зерттеулерде өзіндік сәйкестікті қалыптастыру мен тәрбиенің арасында белгілі бір байланыс бар екені зерттеледі. Сол зерттеулер жеткіншектің эго-өзіне сәйкестігі мен бала – ата-ана қатынастарының арасында байланыс тапқан (Райс Ф., 2000). Сондықтанда толық отбасында тәрбиеленуші жеткіншек пен балалар үйінде тәрбиеленушілердің арасында көптеген психологиялық айырмашылықтар бар екені баршамызға аян.

Тұлғаның дамуында белгілі бір бұрмалануды туғызатын «Психикалық суб-

депривация» жағдайында өмір сүріп жатқан біздің қоғамның көптеген мүшелері өкінішті болса да бар екені бәрімізге аян. Балалар үйінде тәрбиеленушілер үшін ересектер орталық фигура болып табылады, балалар солармен тығыз қарым-қатынас орнатқысы келеді, жақындағысы келеді, бірлескісі келеді. Толық мәнді тұлға болып өсу үшін бала эмоциялық жайлы және тұрақты жағдайда тәрбиеленуі керек. Әсіресе тәрбие процесіндегі маңызды кезең тәрбиешінің «эмоциялық резонансқа», тәрбиеленуші балалардың ішкі әлемімен «эмоциялық бірге әсерленуге» қабілетті болуы керек. Сонымен қатар балалар үйінде жұмыс жасайтын тәрбиелеушілерде жоғарғы мазасызданудың болмауы да маңызды жағдай. Себебі жоғарғы мазасыздану күйі теріс эмоцияларды жинайды.

Құндылықтарға бағдарлану жас ұрпақтың тұлғалық дамуын болжауға негіз болады. Фольклор – құндылықтарға бағдарланудың негізі. Фольклор әлеуметтік интеграция процесінің жетілдіруде жеткіншектің жоғарғы құндылыққа бағдарлануында және өзін тарату потенциалдарында, олардың идентификациясында ерекше рөл атқарады. Жеткіншектердегі этностық санасының дамуы және ұлттық мұралар – фольклор арқылы қалыптасқан құндылықтарға деген позитивті қатынастың қалыптасуы оларға тұтастай әсер етеді, өнер, мәдениет, қоғамдық өмірге сәйкес өнегелік түсініктерін, құндылыққа бағдарлануларын қалыптастырады.

Жетім балалар қазіргі қоғамның әлеуметтік-психологиялық мәселесі. Үлкендердің (тәрбиешілердің) жиі ауысуы, қатынастар мен тәжірибелердің үздіксіздігін бұзады. БҮТЖ-дің (балалар үйінде тәрбиеленуші жеткіншектер) өзіндік ерекшелігі бар өмір жағдайы оларда эмоциялық депривацияны туындатады, психикалық дамуды бұзады, эмоциялық сферасын бұрмалайды. Оқу-тәрбие процесінде БҮТЖ-дің этностық санасы мен оның негізгі бір сипаттамасы құндылықтарға бағдарлануы ұлттық мәдениет – фольклор, салт-дәстүрлер негізінде қалыптастыру сұрағы педагогикалық психология үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің құндылықтарға бағдарлануы мен этностық санасын өзара байланысты зерттеу психологиялық-педагогикалық маңызды мәселе. Жетім-балалар әрқашанда қоғамның әлеуметтік-психологиялық өзекті мәселесі болып табылады. Елімізде болып жатқан саяси-экономикалық-әлеуметтік

процестер «психикалық субдепривация» жағдайында өмір сүріп жатқан балалар үйінде тәрбиеленушілердің психикалық дамуына әртүрлі өзгерістер әкеледі.

### Зерттеу әдістері

Зерттеудің мақсаты – Балалар үйінде тәрбиеленушілердің құндылықтарға бағдарлануы мен этностық санасының өзара байланысын диагностикалық зерттеу.

Зерттеу әдістері – фольклор, ұлттық салт дәстүрлер жайлы түсініктерін анықтайтын авторлық анкета, мазасыздану деңгейін зерттейтін шкала (Ч.Д. Спилбергер, Ханин), өзіндік бағалау шкаласы (Дембо-Рубинштейн), құндылықтарға бағдарлану әдістемесі (М. Рокич), «өмірлік мағына жайлы ойлану» әдістемесі (Х. Ниemi) эмоциялық есту тесті (В.П. Морозов) (Елисеев О., 2009), «Мен кімін?» тесті (М. Кун және Макпартлэнд), «Біз және олар» (Богардус шкалалары), биографиялық әдіс (Палагина Н.Н., 2001), БҮТЖ-дің (Балалар үйінде тәрбиеленуші жеткіншектер) тарихи документтері, өздерінің «тарихын айту» бойынша әңгімелесу, өздері ойлап тапқан, қиялдаған оқиғалары жайлы шығарма жазу.

### Талқылаулар

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің құндылықтарға бағдарлануы мен этностық санасын өзара байланысты зерттеу психологиялық-педагогикалық маңызды мәселе. Жетім-балалар әрқашанда қоғамның әлеуметтік-психологиялық мәселесі болып табылады. Елімізде болып жатқан саяси-экономикалық-әлеуметтік процестер «психикалық субдепривация» жағдайында өмір сүріп жатқан балалар үйінде тәрбиеленушілердің психикалық дамуына әртүрлі өзгерістер әкеледі.

Зерттеуге 240 сыналұшы қатысты. (N = 240: N = 100 – эксперименттік топ – жетім балалар – А тобы; N = 100 – тексеру тобы-отбасында тәрбиеленушілер – Б-тобы; N = 20 – тәрбиешілер, N = 20 – отбасында тәрбиеленушілердің ата-аналары).

**1-диагностикалық зерттеу.** А-тобының құндылықтар жүйесі эмоциялық сфералармен арақатысты зерттелді. Зерттеу нәтижелері бойынша: сыналұшылардың эмоциялық күйді қабылдауы орташа есеппен 20,5% болса, ересек сыналұшыларда 8,1% болды.

А-тобының және тәрбиеленушілердің эмоциялық әсерлену мен күйлерді қабылдау деңгейі ғылымда бекітілген қажетті нормадан өте төмен көрсеткіш берді. Бөтен адамның дауысы арқылы сол адамның эмоциялық күйін адекватты қабылдау шегінің нормасы (төменгі нормасы) 65% болуы керек немесе одан ары қарай жоғарылайды.

Осы диагностикалық зерттеуде ересек сыналұшылардың тек 3-уі ғана, ал сыналұшылардың екеуі эмоциялық күйді дұрыс таныды, яғни олардың көрсеткіштері: 33% және 8% болды.

1-суреттен көріп отырғанымыздай ересек тобында берілген 5 эмоциялық күйді (қайғы, қуаныш, қорқыныш, ызалану және нейтраль эмоция) тану бойынша тек 3 эмоциялық күйді дұрыс тапса, ал сыналұшыларда 5 эмоциялық күйден 2 ғана адекватты қабылдағанын көреміз.

Сыналұшылардың эмоциялық сферасын толық анықтау мақсатымен олардың мазасыздану күйлері де зерттелді. Ересек сыналұшыларда мазасыздану деңгейі 9 сыналұшының 7-де мазасыздану деңгейі жоғары болды, ал сыналұшыларда 25 сыналұшыдан 16 балада жоғары мазасыздану күйі алынды. Осы екі топтың орташа көрсеткіштерін Стьюденттің t критерийі бойынша: ересек сыналұшыларда жеке бастық мазасызданудың орташа деңгейі – 42,5 (6,1) болса, сыналұшыларда 42,1(7,2) болды және екі мазасыздану деңгейлерінің (жеке бастық және ситуативті) арасындағы корреляция екі топта да жоғары болды (0,001). Осыған байланысты екі топтың да сыналұшыларында жоғары мазасыздану көрінісі айқын байқалды.

Өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері төмендегідей көрсеткіштерді берді.


Отбасында тәрбиеленіп жатқан сыналұшылардың өзін қабылдауы жоғары болды, алайда әдебиеттерде белгіленген тұлға дамуының жағымды сипатын қамтитын шекараға жетпеді (айырмашылықтар 0,001 деңгейде дәлді болды), ал оларға қарағанда А-тобының өзін қабылдауы сынды жағдайда болып отыр. Сыналұшылардың орташа мәндерін салыстырғанда А-тобы жәй сыналұшыларға қарағанда өзіндік қабылдауы төмен болды (айырмашылық 0,05 деңгейде дәлді).

Биографиялық әдіс және «Тарихты әңгімелеу» әдістемесі бойынша нәтижелер, контент талдау: А-тобы үнемі жағымсыз эмоциялық күйде болды, ата-анасын көп ойлайды, кейбіреулері өте терең ауытқу шекарасына кетіп



қалған, сондықтанда психологтың жұмысын көп талап етеді; өздерін енжар сезінеді, себебі ата-ана алақанының жылуын, белсенділік сипа-

тын көрмейді; ата-анасы жайлы қиялы балалар үйінде тұратын барлық жас кезеңдерінің ішінде жеткіншектерде қатты білінді.



**1-сурет** – Эмоцияны адекватты қабылдау бойынша екі топ сыналушыларының (тәрбиешілер және тәрбиеленушілер) көрсеткіштері (%)

**1-кесте** – Екі топтың өзін қабылдауы бойынша көрсеткіштері

Сыналушылар тобы	Тәрбиеленушілер			
	Балалар үйінде		Отбасында	
	S (өзін қабылдау)	s	S (өзін қабылдау)	s
Кіші жеткіншектер – балалар үйі	0,02	0,21	0,25	0,26
Үлкен жеткіншектер – балалар үйі	0,11	0,31	0,25	0,27
Отбасында тәрбиеленушілер	-0,03	0,35	0,31	0,17

## 2-диагностикалық зерттеу, бірінші кезең.

А-тобы нәтижелеріне қарағанда (65%) Б-тобының нәтижелері, яғни өмірді ұғынулары жоғары болды (88%). Тұрмыстың мәнділігін бастан кешіру деңгейі төмен болды (55%), ал екінші топта жоғары (74%). Ал өмірлік мақсат пен жоспардың болуы индексі бойынша А-тобы көрсеткіштері тіпті төмен болды (48%), ал екінші топта (71%). Жалпы алғанда өмірді ұғыну дәрежесі екі топта екі түрлі нәтиже көрсетті, 1 топта орташа есеппен 58% болса, екінші топта орта есеппен 83% болды.

Екі топтың да құндылықтарға бағдарлаудың қалыптасу деңгейлері анықтау нәтижелері бой-

ынша құндылықтарға бағдарланудың қалыптасу деңгейлерінің арасында статистикалық мәнді айырмашылықтар табылды (Студенттің t критерийі). А-тобы – (42%) Б-топқа қарағанда (62%) құндылықтарға бағдарланудың деңгейі төмен. Тексеру Б-тобында құндылықтарға қалыптасу деңгейі 63% болса, ал қалыптаспағаны 21% болды, ал 16% қалыптасу сатысында болды. Ал А-тобы осыған сәйкес 27% қалыптасқан, қалыптаспағаны 49%, 24% қалыптасу сатысында болды.

Екі топтың терминалды құндылықтарының иерархиялық құрылымы, тексеру тобында (Б) терминалды құндылықтарға қатысты бағдар-

лануда жеке бастық, нақты және тұлға аралық құндылықтарды көрсетеді, ал эксперименттік топта (А) құндылықтарға бағдарлану жүйесінің

ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері бойынша бұл топта иерархиялық құрылымдарының қалыптаспағанын көрсетті.

**2-кесте** – Екі топ сыналушыларындағы құндылықтарға бағдарланудың қалыптасу деңгейлері (%)

Қалыптасу деңгейлері	А тобы	Б тобы
1-деңгей (қалыптасқан)	27	63
2-деңгей (қалыптасу сатысында)	24	16
3-деңгей (қалыптаспаған )	49	21

**3-кесте** – Екі топ сыналушыларының өмірдің мағынасы жайлы сұрақтардың маңыздылығы дәрежесін анықтаудың салыстырмалы көрсеткіштері (%)

	А					Б					Айырмашылықтар		
	Ешқашан да	кейде	сирек	жиі	өте жиі	ешқашан да	кейде	сирек	жиі	өте жиі	X	x	мәнді
1	9	-	44	11	24	15	4	23	40	46	81.1	7.7	+
2	41	20	20	15	5	60	24	4	-	12	75.1	7.7	+
3	20	19	-	21	35	60	12	8	20	10	44.4	7.7	+
4	49	15	30	-	-	10	21	8	58	-	77.0	7.7	+

Екі топтың көрсеткіштерінің, яғни құндылықтарға бағдарлану мен өмірді ұғыну деңгейінің арасында белгілі бір корреляциялық байланыс табылды. Корреляциялық талдау Спирменнің корреляциялық рангілеу коэффициенті арқылы есептелінді. Ескерту: 1-сұрақтың маңыздылығы; 2-мұғаліммен талдау; 3-ата-анамен талдау (тәрбиешімен); 4-достарымен талдау.

Алайда құндылықтарға бағдарлану жүйесі қалыптаспа да бұл топтағы мәнді деген негізгі құндылықтарды бөліп көрсетуге болады, олар кәсіби және эстетикалық құндылықтарға бағдарланады. Екі топтың ұқсастығын мынадан көреміз, 2-3 орындарға отбасы және балаға байланысты құндылықтарды қояды, сонымен қатар материалды байлыққа жету құндылығын да қояды. Нәтижелердің арасындағы айырмашылықтардың мәнділігі «хи-квадрат» критерийімен есептелінді (3-кесте).

### 2 диагностикалық зерттеу – 2 кезең

Бақылау, әңгімелесу арқылы психологиялық жақындасып, шығарма жазғыздық («Фольклор, ұлттық салт-дәстүр» жайлы) және құндылықтарға бағдарлану және өмірді ұғыну зерттелді. Студенттің t критерийі бойынша статистикалық мәнділігі анықталды ( $P > 0,001$

мәнділігінде  $t=2,5$  статистикалық мәнді айырмашылық табылды).

Жауаптарды математикалық процедурамен өңдеу үшін қолданылатын тәсілдер берілген сұрақтар бойынша жасалды, барлығы 5 баллдық шкалада бағаланды: қазақ эпостары бойынша есімдерді дұрыс табуы, аңыз әңгімелерді білу білімдері, мәдениет қайраткерлерін білу бойынша дұрыс айтылған саны, басқа ұлттардан досының болуы, өз ұлтының мәдениетіне қатынасы, басқа ұлттың мәдениетіне қатынасы, ұлттық салт дәстүрлерді білуі, ұлттық ойындарды білуі, эпостық жырларды білуі, айтысты білуі, ұлттық музыканы білуі, мақал-мәтелдерді білуі, ұлттық мейрамдарды білуі, ұлттық әндерді білуі. Жауаптардан мына көрсеткіштер алынды: ұлттық салт-дәстүр – (25%), фольклор – 38%, тіл – 70%, ұлттық әдебиет пен өнер – 16%, басқа ұлттың мәдениетіне қатынасы – 24%. Көріп отырғанымыздай, А-тобынан этностық сананың төменгі деңгейін көреміз.

Тексеру Б-тобында бұл көрсеткіштер 38% процентке жоғары болды. Студент t критерийі бойынша екі топтың көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылықтардың мәнділігі 0,001 деңгейінде сенімді болды.




**3-диагностикалық зерттеу.** А-тобының этностық санасының қаншалықты қалыптасқанын анықтау. «Біз» және «олар» атты Богардус шкаласы арқылы біз этностық толеранттылықты зерттедік. 5 этнопсихологиялық көрсеткіш алынды.


А-тобының ішінен өзі туралы пікірде «Мен-қазақпын» «этностық көрсеткішті» жуықпен, алдыңғы орындарда көрсеткендері (1-4): 11,2 % көрсетті, яғни зерттеуге қатысқан 80 сыналұшының 9 сыналұшысы 1-20 аралықтағы өзі жайлы 20 пікірдің біріне, «Мен-қазақпын» деген бағалауды жоғары қойғандар болса; ал мүлдем көрсетпегендері 81,2%, яғни 80 сыналұшының 65-сыналұшысы өзі туралы 20 пікірде «Мен-қазақпын» деп мүлдем жазбағандар; ал 80 сыналұшының 6 сыналұшысы өзі туралы

20 пікірде «Мен-қазақпын» деген бағалауды ортаға, соңына қарай қойғандар (10,18,19), яғни ортадағы көрсеткіш 7,5% болды.

Тексеру Б-тобында «Мен-қазақпын» «этностық көрсеткішті» жуықпен, алдыңғы орындарда көрсеткендері (1-4):17,5 % көрсетті, ал зерттеуге қатысқандардың ішінен 80 сыналұшының 14 сыналұшысы 1-20 аралықтағы өзі жайлы 20 пікірдің біріне, «Мен-қазақпын» деген бағалауды жоғары қойғандар; ал мүлдем көрсетпегендері 68,7%, яғни 80 сыналұшының 55-сыналұшысы «Мен-қазақпын» деп мүлдем жазбағандар; ал 80 сыналұшының 11 сыналұшысы өзі туралы 20 пікірде «Мен-қазақпын» деген бағалауды ортаға, соңына қарай қойғандар (10,18,19), ортадағы көрсеткіш 13,7% болды.



2-сурет – Эксперименттік топтың этностық көрсеткіші



3-сурет – Тексеру тобының этностық көрсеткіші

## Қорытынды

**1 диагностикалық зерттеу бойынша** – Ересек сыналұшылардың қайғы эмоциясын көп таңдауы (65%) таң қаларлық жағдай емес, «жетім балалармен» жұмыс жасаудың өзіндік ерекшелігі бар екені белгілі. Ал біздің негізгі сыналұшыларымыз А-тобы қорқыныш пен нейтраль эмоцияларды көп таңдауы назар салуды, талдауды қажет етеді. А-тобының өзін қабылдау көрсеткіштері әртүрлі болса, отбасында тұратындарда неғұрлым біртектілікті көрсетті. Бұл жағдай сыналұшылардың әртүрлі жағдайда болуымен байланысты болып отырғаны түсінікті.

А-тобының ата-анамен байланысы не уақытша, не мүлдем үзіледі, бұл балалар мате-

риалды жағынан қамтамасыз етілсе де өздеріне таныс эмоциялық және әлеуметтік байланыстар жоғалады, оның сапалы дамуы өзгереді, психикалық депривация жағдайы күшейе береді.

Сыналұшылардың жауаптарын талдай отырып, мына жағдайларды көрсетуге болады: А-тобы өз өміріне теріс қатынасты, ал болашағына үмітпен қарау ойларын көреміз. Мысалы олардың жауаптарынан көруге болады: «Мен босқа туған жоқпын деп ойлаймын, жақсының бәрі алдымда» (Мұрат, 15 жас). «Өмірім туралы ешнәрсеге өкінбеймін, жаманның бәрі артта қалды деп ойлаймын» (Айжан, 14 жас). «Қандай өмір болды ол маған маңызды емес, оны ойлағым келмейді, мен оны өмірімнің беттерінен жырттып тастаймын» (Алма, 15 жас).

«Бұрынғыны ойламаймын, жаңа өмір бастағым келеді» (Жарас, 13 жас). «Менің туғым келген жоқ, енді туылған соң өмір сүру керек қой, бәрін ұмытқым келеді» (Мира, 14 жас).

Алайда олар болашақтары жайлы «тамаша болады» деп ойлайды, мәселен «Өмірім жақсы болатын барлық нәрсені жасаймын» (Азамат, 12 жас). «Жаңадан қайтадан туғым келеді, болашақта міндетті түрде бақытты боламын» (Анар 12 жас). Сонымен қатар өмірге, болашағына деген теріс қатынастарды да көрсетеді, мысалы «Өмірімді, болашағымды ойлағым келмейді, еш нәрсе өзгермейтін сияқты» (Сәуле, 15 жас). Ал тексеру тобындағылар өмірге деген қатынастары және болашағы туралы мүлдем басқаша пікірлерді береді, мысалы: «өмірім өте жарқын, болашақ ашық, сәтті болады» (Данаян, 15 жас). «Болашағым өте тамаша болады, отбасым, ақшам, балаларым болады» (Жансұлу, 13 жас).

**2 диагностикалық зерттеу бойынша** – А тобының иерархиялық құрылымдары тексеру тобына қарағанда құрылу сатысында болып отыр; тексеру тобындағылар (Б) үшін интеллектік, индивидуалды құндылықтарға бағдарланса, эксперименттік топ (А) кәсіби және басқаларды қабылдау құндылықтарына бағдарлануды алдыңғы орынға қояды. Тескеру Б-тобы кәсіби және басқаларды қабылдауды аз мәнді деп санаса эксперименттік оларды ең мәнді құндылықтарға бағдарлану деп санайды.

Құндылықтарға бағдарланудың қалыптасу деңгейі олардың өмірді ұғыну сипатынан тәуелді болды, екі топтағы құндылықтардың қалыптасуы мен қалыптаспау деңгейлерін салыстырдық. Үлкен айырмашылық екі топ бойынша ұлттық салт-дәстүрлерді білу және оны қолдану жағдайына байланысты болды, тексеру тобының жоғары көрсеткіш олардың отбасында тәрбиеленуімен байланысты шарттанады. Фольклор және ұлттық салт дәстүрлер жайлы терең білімдер, түсініктер құндылықтарға бағдарлануды дамытудың мүмкіндіктерін береді.

А-тобы өмірдің мағынасы жайлы сирек ойлайды, тексеру тобындағы сыналушылар жиі ойлайды. Алынған нәтижелер И.В. Дубровина айтқан пікірді, яғни А-тобы «білім» категориясынан «мән» категориясына өтпейді, ендеше балалар үйінің жеткіншектерінде құндылықтарға бағдарланудың қалыптаспауын осы жағдайға негіздеуге болады. Белгіленген инструменталды құндылықтарда құндылықтардың барлық категорияларының арасында статистикалық

мәнді айырмашылықтар табылды. Тескеру Б-тобы индивидуалды және интеллектік құндылықтарға бағдарланады. Бұл топта соңғы орынға басқаларды қабылдау құндылығына құндылықтарды кәсіби өзіндік тарату құндылықтарын қояды.

Алайда А-тобындағы сыналушыларда кәсіби өзіндік таратылу құндылығын бірінші орынға қояды, себебі олар балалар үйінде үнемі еңбекке, оны орындаушылыққа тәрбиеленіп отырады және болашағын көп ойлап, содан үміт күтеді, жақсы маман болса, өмірде өз орнын табамыз деп сенімділікке ұмтылады. Ал басқаларға деген шыдымдылық, басқаларды қабылдау құндылығын 3-4 орындарға қояды. Екі топтың ұқсастығы сол индивидуалды құндылықтарды (тәрбиелік, берік ерік күші, үлкен талаптар) ең мәнді құндылықтар деп бөліп көрсетеді.

А-тобы қосымша психологиялық көмекті қажет екендігін негіздейміз. А-тобына қарағанда отбасында тұратын сыналушылардың (Б тобы) – өмірді ұғынулары, құндылықтарға бағдарланудың қалыптасуы жоғары екені анықталды, айырмашылықтар А-тобы әлеуметтік статусы, эмоциялық сферасының орнықсыздығы, психикалық депривацияның әсерінен байланысты туындап отыр (2-кесте).

**2 диагностикалық зерттеудің 2 кезеңі бойынша.** А-тобы фольклор жайлы сұрақтарға өте аз жауап берген, ол сұрақтарға қатысты білімдер мектеп курсының бағдарламасында тұрғанына қарамастан білетіндері өте аз болды. Орта есеппен алған фольклор жайлы білімдері бар-жоғы 38% болды. Ұлттық салт-дәстүрлер жайлы сұрақтарға да өте төменгі көрсеткіш берді (25%).

Осы жағдайдың өзі көп ойландырады, мұның себебін сыналушылардың әлеуметтік статусы мен әлеуметтік ортасының шектеулігі жағдайларымен байланыстыруға болады. Ал тексеру Б-тобында эксперименттік топқа қарағанда жағдай жоғары болғанымен (55% және 52%) оны да ары қарай зерттеуді талап етеді, мұның бір себебі жеткіншек жасына байланысты өзіндік ерекшеліктер және дағдарыстармен байланыстыруға болады.

**3 диагностикалық зерттеу бойынша.** Қазіргі жеткіншектер балалар үйінде болсын, отбасында тәрбиеленіп жатқандар болсын өз елінде, ішінде жүргендіктен, әрі титулды этнос болғандықтан өздерін сол этносқа жатқызуды аса қажет деп санамайды, себебі ондай қажеттілік жоқ, жеткіншек жасының өзіндік ерекшеліктері де бұл жағдайға әсерін қатты тигізеді.

Екі топтың сыналушылары да этностық сана көрсеткіштері қалыптасу сатысында екенін көрсетті, айырмашылықтарындағы негізгі себептер әлеуметтік статустың әртүрлі болуына байланысты болады. Алайда жеткіншектерде фольклор, ұлттық салт-дәстүрлерді түсіну процесі, меңгеру сол арқылы қалыптасқан құндылықтарға бағдарлану жедел түрде бірден өтпейді, оған арнайы психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасау қажет.

#### Сонымен:

1. Балалар үйінде тәрбиеленуші жеткіншектердің құндылықтарға бағдарлану жүйесі эмоциялық орнықтылықпен, үлкендермен мазмұнды қатынаспен тығыз байланысты дамиды және ұлттық мәдениет (фольклор) жайлы терең мазмұнды берілген білімдер этностық сана мен құндылықтарға бағдарлану жүйесін қалыптастырады және жағымды психологиялық жағдай жасайды.

2. Өзіндік сана мен этностық сананың, құндылықтарға бағдарланудың қалыптасқан жүйесі «Психикалық субдепривация» жағдайында өмір сүретін және басқа әлеуметтік статусы бар жеткіншектердің психикалық дамуын реттейді.

3. Этностық факторлардың әсері жеткіншектердің құндылықтарға бағдарлануын қалыптастыруға негізі болып табылады. Фольклордың, ұлттық салт дәстүрлерін меңгеру балалар үйінің жеткіншектерінде әлемуттену процесін

жетілдіреді, тұлғалық сапаларын, ұлттық сана сезімдерін дамытады, ұлттық мәдениет сфераларындағы құндылықтарға бағдарлану жүйесін қалыптастырады.

#### Ұсыныстар:

1. А-тобы және тәрбиешілерге эмоциялық күйлерін орнықтандыратын психокоррекциялық бағдарлама, психологиялық-педагогикалық ұсыныстар жасау керек.

2. Арнайы ұйымдастырылған бірлескен диалогты танымдық сабақтар негізінде фольклорды тереңдетіп оқытудың жағымды психологиялық-педагогикалық шартын жасау арқылы жеткіншектерде өзіндік сана, этностық сана және құндылықтар жүйесін қалыптастыру керек.

3. Көп ғасырлар бұрын жасалған эпостарда, ұлттық салт-дәстүрлерде құндылықтардың иерархиясы тұтасымен сақталғанын негіздей отырып, жеткіншектердің этностық санасы мен құндылықтар жүйесін өзара байланыста дамыту қажет.

4. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің эмоциялық сферасының дамуының әлеуметтік-психологиялық аспектісі, этномәдени құндылықтар жүйесі, мектептен кейінгі кезеңдерде этностық сана мен құндылықтарға бағдарланудың өзара байланысының психологиялық ерекшеліктері жайлы мәселелер болашақ зерттеудің негізін қалайды.

#### Әдебиеттер

- Бердібаева С.К. Айтыс өнерінің этнопсихологиясы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.
- Бердібаева С.К. Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – Б. 102.
- Вундт В. Проблемы психологии народов / Преступная толпа. – М.: Институт психологии РАН, изд-во «КСП+», 1998 – 308 б.
- Вяткин Б.А., Хотинец В.Ю. Этническое самосознание как фактор развития индивидуальности // Психологический журнал. – М., 1996. – Т. 17. – № 5 – С. 69-75.
- Джакупов С.М. Межэтническое взаимодействие как фактор активизации познавательной деятельности / Межвузский сборник научных трудов. Часть 1. 2000. – С. 18.
- Джакупов С.М. Экспериментальное исследования этнических предубеждений // Теоретические и прикладные проблемы социализации личности: Межвузский сборник научных трудов / под. ред. С.М Джакупова. – Алматы, 2002. – С. 35 – 45.
- Джакупов С.М. Методологические проблемы изучения совместной деятельности // Методологические проблемы общей психологии: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – С. 114-149.
- Елисеев О. Практикум по психологии личности. – СПб., Питер, 2009. – 512 с.
- Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа жолдауы. 31.01.2017 ж.: «Қазақтанның үшінші модернизациясы: жандық бәсекеге қабілеттілік»
- Lickona T. Research on Piaget's theory of moral development // Moral development and behavior. – London, 1976. – P. 219–240
- Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. – СПб., 2000. – 620 с.
- Романова О.Л. Развитие этнической идентичности у детей подростков. Дис. канд. психол. наук. – М., 1994. – 133 с.
- Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. – М., 2004. – С. 243-264.
- Филиппов Ю.В., Фирсова А.М., Гаврилова С.А. Этническое самосознание студентов гуманитарного ВУЗа// Мир психологии. – М.: Издательство «Московский психолого-социальный университет», 2006. – №1 (45). – С. 170-179.
- Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. – М., 1996 – 592 с.

Этнопсихология: теория и методики / Под ред. Н.Н. Палагиной. – Бишкек: Изд-во Кыргызского-Российского Славянского ун-та, 2001. – 91 с

### References

- Berdibayeva S.K. (2006) *Tvorchestvolyk is-arekettin etnopsikholgiyasy* [Ethnopsychology of creative activity]. -Almaty:Kazakh Universiteti [Kazakh University], 2006.- 102p.
- Berdibayeva S.K. (2012) *Aytys onerinin etnopsikholgiyasy* [Ethnopsychology of Aitys art]-Monografia -Kazakh Universiteti [Monograph. -Kazakh University], 2012.-186 p.
- Wundt V. (1998) *Problemy psikhologii narodov* [Problems of psychology of peoples] / *Prestupnaya tolpa* [Criminal crowd]. – М.: Institut Psihologi RAN [M.: Institute of psychology RAS, publishing house “KSP+”], 1998. – 308 p.
- Vyatkin, B. V. Khotin (1996) *Etnicheskoe samosoznanie kak faktor razvitiya individualnosti* [Ethnic self consciousness as a factor of personality development] // *Psikhologicheski zhurnal* [Psychological journal]. - М., 1996. - Vol. 17. - № 5, pp. 69-75.]
- Dzhakupov S. M. (2000) *Mezhetnicheskoe vzaimodeistvie kak faktor aktivizatsii poznavatelnoy deyatel'nosti* [Interethnic interaction as a factor of activation of cognitive activity] / *Mezhvuzovskiy sbornik nauchnykh trudov* [Interuniversity collection of scientific works]. Part 1. 2000. – 18 p.
- Dzhakupov S. M. (2002) *Eksperimentalnoe issledovanie etnicheskikh predubezhenii* [Experimental research of ethnic prejudices] // *Teoreticheskie i prikladnye problemy sotsializatsii lichnosti: Mezhvuzovskiy sbornik nauchnykh trudov* [Theoretical and applied problems of personality socialization: interuniversity collection of scientific works] / . edited by S. M. Dzhakupov. - Almaty, 2002. – pp. 35 - 45.
- Dzhakupov S. M. (2003) *Metodologicheskie problemy izucheniya sovmestnoy deyatel'nosti* [Methodological problems of studying joint activity]// *Metodologicheskie problemy obshei psikhologii*[Methodological problems of General psychology]:uchebnik [textbook.] -Almaty: Publishing house “Kazakh Universiteti”, 2003.- pp.114-149.
- Eliseev O. (2009) *Praktikum po psikhologii lichnosti* [Workshop on psychology of personality]. - Spb., Peter, 2009. - 512p.
- Kazakhstan Respublikasynyn Prezidentinin halykka zholdauy (2017) [Message of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan.] 31.01.2017: *Kazakhstannyn ushinshi modernizatsiiasy: zhahandyk basekege kabilettilik* [“the Third modernization of Kazakhstan: global competitiveness]
- Lickona T.(1976) *Research on Piaget’s theory of moral development* // *Moral development and behavior*. – London, 1976. – pp. 219—240
- Rice F. (2000) *Psikhologiya podrostkovogo i yunosheskogo vozrasta* [The Psychology of teenage and youthful age]. - St. Petersburg, 2000-620 p.
- Romanova O. L.(1994) *Razvitie etnicheskoy identichnosti u detei podrostkov* [Development of ethnic identity in children of teenagers]. *Dis.kand.psikhol.nauk* [Dis. cand. the course of studies. sciences] - М., 1994. 133 p.
- Stefanenko T. G. (2004) *Etnopsikholgiya* [Ethnopsychology]. - М., 2004. – pp. 243-264.
- Filippov, Yu. V., Firsova, A.M., Gavrilov, S. A. (2006) *Etnicheskoe samosoznanie studentov gumanitarnogo VUZa* [The Ethnic consciousness of students of humanitarian High school] // *Mir psikhologii* [World of psychology]. Publishing house-Moscow psychological and social University-2006. - №1 (45). – pp.170-179.
- Erikson, E. (1996) *Identichnost: yunost i krizis* [Identity: youth and crisis]. - М., 1996-592p.
- Etnopsikholgiya: teorii i metodiki* (2001) [Ethnopsychology: theory and methods] / N.N. Palagina. - Bishkek: Izd-vo Kyrgyskogo-Rossiskogo Slavyanskogo Universiteta [Publishing house of Kyrgyz-Russian Slavic University], 2001. - 91 p .

**Aimaganbetova O.Kh.<sup>1</sup>, Babisheva A.S.<sup>2</sup>, Bimagambetova Zh.T.<sup>3</sup>,  
Adilova E.T.<sup>4</sup>, Sagnayeva T.Z.<sup>5</sup>**

<sup>1</sup>doctor of psychological sciences, professor, e-mail: alnara25@mail.ru

<sup>2</sup>candidate of psychological sciences, e-mail: Babisheva.A@mail.ru

<sup>3</sup>candidate of philology, associate professor, e-mail: z.bimagambetova@inbox.ru

<sup>4</sup>teacher, e-mail: elnura.adilova@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>5</sup>S. Amanzholov East Kazakhstani State University, Kazakhstan, Oskemen, e-mail: bati\_54@mail.ru

**APPLIED RESEARCH OF PSYCHOLOGICAL FEATURES  
OF EMOTIONAL BLESSING OF MANAGERS**

This article is devoted to the study of psychological characteristics of emotional burnout of managers, a symptom of which are frequent and long-term various diseases due to psychosomatics. Because of this, in modern psychology emotional burnout is considered as a special state of a person, which is a consequence of occupational stresses, an adequate analysis of which requires an existential level of description, the development of burnout is not limited only with the professional sphere, but manifests itself in various situations of human existence; painful disappointment at work as a way of acquiring meaning paints the whole life situation. The purpose of the study is to study the psychological characteristics of emotional burnout of middle managers. The object of research is mid-level managers. The subject of the study is the psychological features of emotional burnout of managers. Methods of research: The methodology for detecting emotional burnout is MBI (Maslach Burnout Inventory) by C. Maslach and S. Jackson, adapted by N.E. Vodopyanova, a five-factor questionnaire of the personality R. McCrae, P. Costa. During the applied research, it was concluded that there is a relationship between the manifestation of emotional burnout and the personal characteristics of managers. Thus, the results and analysis of personal characteristics of managers conducted using the Big Five methodology showed that the leading factors were the «attachment-isolation» factor and the «emotional stability-instability» factor. The factors «introversion – extraversion» were placed after and «self-control – impulsiveness». It was assumed that it is possible that these factors are mutually pollinated and affect one another.

**Key words:** emotional burnout, psychological features, personality traits, managers, emotional stability, etc.

Аймағанбетова О.Х.<sup>1</sup>, Бабишева А.С.<sup>2</sup>, Бимағанбетова Ж.Т.<sup>3</sup>,  
Адилова Э.Т.<sup>4</sup>, Сағнаева Т.Ж.<sup>5</sup>

<sup>1</sup>психология ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: alnara25@mail.ru

<sup>2</sup>психология ғылымдарының кандидаты, e-mail: Babisheva.A@mail.ru

<sup>3</sup>филология ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: z.bimagambetova@inbox.ru

<sup>4</sup>аға оқытушы, e-mail: elnura.adilova@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>5</sup>С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Қазақстан, Өскемен қ., e-mail: bati\_54@mail.ru

**Менеджерлердің эмоциялық жануының  
психологиялық ерекшеліктерін қолданбалы зерттеу**

Бұл мақала менеджерлердің эмоциялық жануының психологиялық ерешеліктерін қолданбалы зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты – орташа деңгейдегі менеджерлердің эмоциялық жануының психологиялық ерешеліктерін зерттеу. Зерттеудің объектісі – орташа деңгейдегі менеджерлер. Зерттеу пәні – менеджерлердің эмоциялық жануының психологиялық ерешеліктері. Зерттеу әдістері: Эмоциялық жануды анықтау әдістемесі (МБИ) К. Маслач пен



С. Джексон, Н.Е. Водопьянова бейімделген, бес факторлы тұлғалық сауалнама Р. Макрей, П.Коста. Қолданбалы зерттеулер барысында эмоциялық жанудың көрінісі мен менеджерлердің жеке сипаттамалары арасында байланыс бар екендігі туралы қорытынды жасалды. Осылайша, алынған нәтижелер мен менеджерлердің жеке ерекшеліктерінің талдамасы «Үлкен бестік» әдістемесі бойынша жетекші факторлар болып: «тірек-оқшаулау» және «эмоциялық тұрақтылық – тұрақсыздық» факторы болып табылатынын көрсетті. Олардың артында «интроверсия – экстраверсия» және «өзін-өзі басқару – импульсивтілік» факторлары белгіленді. Бұл факторлардың бір-бірімен өзара байланысып, бір-біріне әсер етуі мүмкін деп айтылды.

**Түйін сөздер:** эмоциялық жану, психологиялық ерекшеліктер, жеке ерекшеліктер, менеджерлер, эмоциялық тұрақтылық және т.б.

Аймаганбетова О.Х.<sup>1</sup>, Бабишева А.С.<sup>2</sup>, Бимаганбетова Ж.Т.<sup>3</sup>,  
Адилова Э.Т.<sup>4</sup>, Сагнаева Т.Ж.<sup>5</sup>

<sup>1</sup>доктор психологических наук, профессор, e-mail: alnara25@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат психологических наук, e-mail: Babisheva.A@mail.ru

<sup>3</sup>кандидат филологических наук, доцент, e-mail: z.bimagambetova@inbox.ru

<sup>4</sup>старший преподаватель, e-mail: elnura.adilova@mail.ru

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>5</sup>Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,  
Казахстан, г. Оскемен, e-mail: bati\_54@mail.ru

### Прикладное исследование психологических особенностей эмоционального выгорания менеджеров

Данная статья посвящена исследованию психологических особенностей эмоционального выгорания менеджеров, симптомом которого являются частые и длительно текущие разнообразные заболевания, обусловленные психосоматикой. Вследствие этого, в современной психологии эмоциональное выгорание рассматривают как особое состояние человека, являющееся следствием профессиональных стрессов, адекватный анализ которого нуждается в экзистенциальном уровне описания, поскольку развитие выгорания не ограничивается только профессиональной сферой, а проявляется в различных ситуациях бытия человека; болезненное разочарование в работе как способе обретения смысла окрашивает всю жизненную ситуацию. Цель исследования – изучение психологических особенностей эмоционального выгорания менеджеров среднего звена. Объект исследования – менеджеры среднего звена. Предмет исследования – психологические особенности эмоционального выгорания менеджеров. Методы исследования: Методика выявления эмоционального выгорания (МВИ) К. Маслач и С. Джексон, адаптированная Н.Е. Водопьяновой, пятифакторный опросник личности Р. МакКрае, П. Коста. В ходе проведения прикладного исследования был сделан вывод, что существует взаимосвязь между проявлением эмоционального выгорания и личностными особенностями менеджеров. Таким образом, полученные результаты и анализ личностных особенностей менеджеров, проведенный по методике «Большая пятерка», показали, что ведущими факторами явились: фактор «привязанности – обособленности» и фактор «эмоциональной стабильности – нестабильности». За ними расположились факторы «интроверсия – экстраверсия» и «самоконтроль – импульсивность». Было сделано предположение, что, возможно, эти факторы взаимоопыляемые и влияют один на другой.

**Ключевые слова:** эмоциональное выгорание, психологические особенности, личностные особенности, менеджеры, эмоциональная стабильность и др.

## Introduction

The very concept of «emotional burnout syndrome» was introduced into psychology for the first time by G. Freidenberger in 1974. The American psychiatrist considered it primarily as the growing emotional exhaustion, which entails personal changes in the sphere of communication with people (up to the development of deep cognitive distortions), may manifest indifference to one's duties and what is happening at work, dehumanization in the form of negativism in

relation to both to customers and employees, a sense of their own professional insolvency, dissatisfaction with work, in the phenomena of depersonalization, and ultimately in a sharp deterioration in the quality of life. In the future, – G. Freidenberger noted, – neurotic disorders and psychosomatic diseases can develop. One of the bright symptoms of a pronounced syndrome of professional burnout is frequent and long-lasting various diseases due to psychosomatics (Freidenberger, 2004:159).

Initially, in the structure of emotional burnout, the only component was singled out – depletion,



manifested in the physical, emotional and cognitive realms, which is caused by a prolonged stay in emotionally overburdened situations. So in the one-component theory of emotional burnout, proposed by A. Pines, E. Aronson (A. Pines, E. Aronson, 2008), this phenomenon is inherent in many professional groups, which also can manifest itself outside of work in other vital areas of socio-political, intimate-friendly, family (A. Pines, E. Aronson, 2008).

According to W.V. Schaufeli, D. Dierendonck emotional burnout consists of two components: emotional exhaustion and depersonalization. The first component, called «affective», manifests itself in the form of complaints about their health, physical health, nervous tension, emotional exhaustion. The second, relating to depersonalization, manifests itself in changing attitudes towards either clients or even oneself. Subsequently, it received the name «installation» (Schaufeli, Dierendonck, 2007: 225–237).

S. Maslach, S.E. Jackson describe the emotional burnout as a three-dimensional construct, which includes all the components noted in the models discussed above: emotional exhaustion, depersonalization and reduction of personal achievements (Maslach, Jackson, 2001).

Emotional exhaustion is considered by them as the main component of burnout, which manifests itself in a reduced emotional background, indifference, in feelings of emotional overstrain and in a sense of emptiness, exhaustion of one's own emotional resources.

The second component of burnout is depersonalization, revealing itself in the deformation of relations with other people, contacts with which become impersonal and formal.

The third component of burnout is revealed in the reduction of personal achievements, which manifests itself in a negative assessment of oneself, underestimation of their professional achievements, limitation of their capabilities, duties towards others. Moreover, S. Maslach emphasizes the professional character of the burnout syndrome, treating it «as a result of professional problems, and not as a psychiatric syndrome» (Maslach, Jackson, 2001).

The literature analysis (Arrumova, 2008: 107-115, Boyko, 2004: 154, Boldyrev, Boldyreva, 2015: 81-89, Tolegenova, Naurzalina, Amankeldy, 2014: 213) that we conducted gave us the opportunity to draw the following conclusion: «Burnout syndrome» is a complex psychophysiological phenomenon that is defined as emotional, mental and physical exhaustion due to a prolonged emotional load. The syndrome is expressed in a depressed state, a

feeling of fatigue and emaciation, a lack of energy and enthusiasm, the ability to see the positive results of one's labour, a negative attitude towards work and life in general. People with certain personality traits (restless, sensitive, empathetic, inclined to introversion, having a vital humanistic attitude, inclined to be identified with others) are more susceptible to this syndrome. In modern psychology, emotional burnout is considered as a special state of a person, which is a consequence of occupational stresses, an adequate analysis of which requires an existential level of description, since the development of burnout is not confined to the professional sphere, but manifests itself in various situations of human existence; painful disappointment in the work as a way of acquiring meaning paints the whole life situation. The relevance of research on emotional burnout of employees and managers of modern companies in Kazakhstan is due to the breadth of tasks facing modern companies and HR services.

### **Setting the purpose of the study**

**The purpose of the study** is to study the psychological characteristics of emotional burnout of middle managers.

### **Main part**

Starting the research, we put forward a general hypothesis: there is a relationship between the manifestation of emotional burnout and the personal characteristics of managers.

### **Methods of research**

In order to study the psychological features of the emotional burnout of middle managers, the following methods were used: K. Maslach and S. Jackson's (Maslach, Jackson, 2001) method for identifying emotional burnout (MBI), adapted by N.E. Vodopyanova (Vodopyanova, 2009: 90-93); a five-factor questionnaire of the personality R. McCrae, P. Costa (Oryel, 2001a: 16-21), (Oryel, Rukavishnikov, 2003b: 164-167).

The total sample size was 50 people, 21 of them (42%) are young people; 29 people (58%) are young girls. The age of the subjects is from 21 to 45 years. The work experience of the participants in the study is from 1 to 18 years.

**Experimental and empirical work** was carried out on the basis of the production company «Senim».

The conducted research on K. Maslach's and S. Jackson's «Method of detecting emotional burnout»

(MBI), in the adaptation of N.E. Vodopyanovoi, has shown: on a scale of emotional exhaustion – very high level (0%); high level of exhaustion – 34%; the average level is 44% and the low level is 22%. On the scale of depersonalization, the data were arranged thus: a very high level was 8%; high level – 34%;

the average level was 40%; low level – 18%. The scale of professional success is very high – 12%; high level – 10%; the average level is 20%; the low level was 58%. The average values of the results obtained using the MBI methodology are shown in the table (see Table 1).


**Table 1** – The average values on the scales of the method of K. Maslach’s and S. Jackson’s MBI methodology, in the adaptation of N.E. Vodopyanova

**Descriptive statistics**

	Selection	Minimum	Maximum	An average value
Emotional depletion	50	8	33	21,06
Depersonalization	50	0	20	9,14
Professional success	50	12	47	33,84

As can be seen from Table 1, the average values of the scales of emotional exhaustion and professional success are slightly different, which can not be said about the indices of the average value of the scale of depersonalization. Perhaps, one can conclude from this that the scales of

emotional exhaustion and professional success are interrelated, i.e. The lower the indicators of the scale of emotional exhaustion, the higher the professional success. More clearly, the levels of manifestation of scales using the MBI method can be seen in the histogram (Figure 1):



**Figure 1** – Levels of the scales of professional (emotional) burnout

As can be seen in the presented histogram, the indicators of the scale of professional success are much lower than other indicators, and the indicators of depersonalization and emotional exhaustion are almost at the same level.

Thus, according to the results of a study of professional (emotional) burnout with the help of the MBI methodology, it was found that emotional exhaustion is at an average level, which indicates that there is a slight depletion in mid-level managers.

By emotional exhaustion, we mean a decrease in emotional tone, loss of interest and positive feelings towards others, increased mental exhaustion and affective lability, the formation of special, destructive relationships with others. Similarly, we can observe that with the increase in emotional exhaustion, professional success declines. The level of professional success reflects the degree of employee satisfaction with himself as a person and as a professional.

Based on the results of a study of the personal characteristics of managers, using the methodology of the Five Factor Personal Questionnaire «The Bigfive» by R. McCrae and P. Costa, the following results were obtained: on the «introversion-

extraversion» factor, the low level was 12%, the average 58% and a high level – 30% of respondents. By the factor of «attachment – detachment» low level – 8%, medium – 26%, high – 66%. Analysis of the results of the study on the following factor «self-control-impulsivity» showed: a low level of 12%, an average level of 38%, and a high level of 52%. Indicators of the factor of «emotional stability – instability» are located as follows, low level – 14%, medium – 22% and low – 64%. As for indicators, the factors «expressiveness – practicality», they are located as follows, the low level was – 14%, the average – 32, high – 54%. The average results obtained are shown in the table (see Table 2).

**Table 2** – The average values for the factors of personality characteristics obtained during the procedure of the Five Factor Personal Questionnaire «The Bigfive» R. McCrae, P. Costa

**Descriptive statistics**

	Selection	Minimum	Maximum	Average value
F1	50	31	58	47,5
F2	50	33	61	51,8
F3	50	31	65	50,4
F4	50	33	67	50,7
F5	50	32	69	50,5

F1 extraversion-introversion; F2 attachment-detachment; F3 self-control-impulsivity; F4 emotional stability-instability; F5 expressiveness-practicality.

As shown by the results of the study, reflected in Table 2, the average values of the factors of personality characteristics are approximately equal. More clearly, the levels of the manifestation of personal characteristics factors using the Big Five method are reflected in the histogram (Figure 2):

Thus, the results and analysis of personal characteristics of managers conducted using the Big Five methodology showed that the leading factors were the «attachment-isolation» factor and the «emotional stability-instability» factor. Behind them were placed the factors «introversion – extraversion» and «self-control – impulsiveness». It was suggested that it is possible that these factors are mutually pollinated and affect one another.

**Conclusion**


In order to confirm the hypothesis that there is a relationship between the manifestation of emotional burnout and the personal characteristics of mid-

level managers, Pearson’s correlation analysis of the results of the research carried out in the «Big Five» questionnaires by R. McCray, P. Costa and «MBI» K. Maslach and S. Jackson. In the course of the analysis, it was found that there is a relationship on the scale «professional success» and on the scale «emotional stability» in the value of 0.252 \* at the level of  $p < 0.05$ , which is an indication that the success in the professional activity of managers is related to the level of emotional stability personality (see Table 3).

**Table 3** – Correlation table of questionnaires «MBI» and «Big Five»

Scales	Professional success
Emotional stability	0, 252 *

Note: \*\*Correlation is reliable at the level of 0.01  
\*Correlation is reliable at 0.05



**Figure 2 – Factors of personality traits**

F1 extraversion-introversion; F2 attachment-detachment; F3 self-control-impulsivity; F4 emots. stability-instability; F5 expressiveness-practicality

As can be seen from the table, there is a reliable connection between professional success and emotional stability, which is a confirmation of the hypothesis of the existence of the relationship between the manifestation of emotional burnout and the personal characteristics of mid-level managers.

In order to identify significant differences in the indicators of emotional burnout, one-way ANOVA one way ANOVA analysis was performed using SPSS-15. For this purpose the sample of subjects was divided into 3 groups depending on the length of their work. The first group consisted of employees

from 1-5 years of work experience, the second group – from 6-10 years and the third group – from 11-18 years.

According to the results of the analysis, it was revealed that between the first and second, third group employees, a significant difference was found at the level of  $p < 0.05$  by the LCD criterion, increasing in the first group. This shows that the length of work of employees can affect professional and emotional burnout, in particular, the professional success of employees. More details of the correlation analysis can be seen in the following Post Hoc table.

**Table 4 – Results of One Way ANOVA variance analysis to identify significant differences between employees with different experience in terms of emotional burnout**

**Post Hoc test – multiple comparisons**

Dependent variable		(I) Income group	(J) Income group	Significant differences (I-J)	Standard error	Value	95% Reliable interval	
Professional success	L	1,00	2,00	7,21667(*)	3,09471	,024	,9909	13,4424
			3,00	3,50833	3,60523	,335	-3,7445	10,7611
	S	2,00	1,00	-7,21667(*)	3,09471	,024	-13,4424	-,9909
			3,00	-3,70833	4,13548	,374	-12,0278	4,6112
	D	3,00	1,00	-3,50833	3,60523	,335	-10,7611	3,7445
			2,00	3,70833	4,13548	,374	-4,6112	12,0278

\*Differences are valid at .05 level

As it can be seen from the table, the small work experience influences the difference in professional success, namely, the less the work experience, the more the employee shows interest in the work and, possibly,

leads to less emotional burnout. Thus, the conducted study showed that there are differences in the severity of emotional burnout among mid-level managers, depending on the length of professional activity.

### Литература

- Арумова А.Г. Анализ состояний психологического кризиса и их динамика // Психологический журнал. – 2008. – №6. – С. 107-115.
- Баробанова М.В. Изучение психологического содержания синдрома «эмоционального сгорания» // Вестник МГУ. – Сер.14. Психология. – 2000. – №1. – 291с.
- Бойко В.В. Энергия эмоций в общении: взгляд на себя и на других. – М.: Наука, 2004. – 154 с.
- Болдырев. А. В., Болдырева Т. А., Тхоржевская Л. В. Маркеры эмоционального выгорания в семантическом пространстве личности // Прикладная юридическая психология. – 2015. – №1. – С. 81-89.
- Водопьянова Н.Е., Старченкова Е.С. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. – СПб.: Питер, 2008. – 345 с.
- Водопьянова Н.Е. Психодиагностика стресса. – СПб.: Питер, 2009. – С. 90-93.
- Kondo K. Burnout syndrome // Asian medical. 2001. – № 34. – P. 34-42.
- Maslach C., Jackson S. E. MBI: Maslach burnout inventory. Palo Alto. – Los Angeles. 2001.
- Орел В.Е. Феномен «выгорания» в зарубежной психологии. Эмпирические исследования // Психологический журнал. – 2001. – №1. – С. 16-21.
- Орел В.Е., Рукавишников А.А. Исследование влияния факторов рабочей среды на феномен психического выгорания в профессиях социальной сферы // Социальная психология. XXI век. – Ярославль, 2003. – Т.2. – С. 164-167.
- Perlman B., Hartman E. A. Burnout»: summary and future and research // Human relations. – 2002. – Vol. 14. – № 5. – P.153–161.
- Pines A. Career burnout: causes and cures / A. Pines, E. Aronson. – New York: Free Press, 2008.
- Schaufeli W. B., van Dierendonck D., van Gorp K. (2007). Burnout and reciprocity: Towards a dual level social exchange model // Work and Stress. – V. 10. No 3. – P.225–237.
- Толегенова А.А., Наурызалина Д.Г., Аманкелды С.Г. Эмоциональное выгорание как фактор деформации ценностно-смысловой сферы личности в условиях экстремальных ситуаций. – Алматы: КазНУ, 2014.
- Freudenberger, H.J. Staff burnout // Social Issues. – 2004. – №. 30. – P. 159.

### References

- Arrumova A. (2008). Analiz sostoyaniy psikhologicheskogo krizisa i ikh dinamika [Analysis of the state of the psychological crisis and their dynamics]. Psychological Journal, no 6, pp. 107-115.
- Barabanova M.V. (2000) Izucheniye psikhologicheskogo soderzhaniya sindroma «emotsional'nogo sgoraniya» [Study of the psychological content of the syndrome of «emotional combustion»]. Bulletin of the Moscow State University, Ser.14, Psychology, no 1, pp. 291.
- Boyko V.V. (2004) Energiya emotsiy v obshchenii: vzglyad na sebya i na drugikh [The energy of emotions in communication: a view of oneself and others]. M.: Nauka, pp. 154.
- Boldyrev. A.V., Boldyreva T.A., Tkhorzhevskaya L.V. (2015) Markery emotsional'nogo vygoraniya v semanticheskom prostranstve lichnosti [Markers of emotional burnout in the semantic space of personality]. Applied legal psychology, no1, pp.81-89.
- Freudenberger H.J. (2004) Staff burnout. Social Issues, no 30, pp.159.
- Kondo K. (2001) Burnout syndrome. Asian medical, no 34, pp. 34-42.
- Maslach C., Jackson S.E. (2001) MBI: Maslach burnout inventory. Los Angeles: Palo Alto, pp. 256-272.
- Oryel V.E. (2001) Fenomen «vygoraniya» v zarubezhnoy psikhologii. Empiricheskiye issledovaniya [The phenomenon of «burnout» in foreign psychology. Empirical research]. Psychological journal, no 1, pp.16-21.
- Oryel V.E., Rukavishnikov A.A. (2003) Issledovanie vliyaniya faktorov rabochey sredy na fenomen psikhicheskogo vygoraniya v professiyakh sotsial'noy sfery [Investigation of the influence of factors of the working environment on the phenomenon of mental burnout in the professions of the social sphere]. Social psychology XXI century. Yaroslavl, volume 2, pp. 164-167.
- Perlman B., Hartman E.A. (2002) Burnout»: summary and future and research. Human relations, volume 14, no 5, pp.153-161.
- Pines A. (2008) Career burnout: causes and cures / A. Pines, E. Aronson. New York: Free Press.
- Schaufeli W. B., van Dierendonck D., van Gorp K. (2007) Burnout and reciprocity: Towards a dual level social exchange model. Work and Stress, volume 10, no 3, pp. 225-237.
- Tolegenova A.A., Naurzalina D.G., Amankeldy S.G. (2014) Emotsional'noye vygoraniye kak faktor deformatsii tsennostno – smyslovoy sfery lichnosti v usloviyakh ekstremal'nykh situatsiy [Emotional intelligence: the general concept and its role in human life]. Almaty: KazNU, pp. 213.
- Vodop'yanova N.Ye., Starchenkova Ye.S. (2008) Sindrom vygoraniya: diagnostika i profilaktika [Burnout Syndrome: Diagnosis and Prevention]. St. Petersburg: Peter, pp. 345.
- Vodop'yanova N.Ye. (2009) Psikhodiagnostika stressa [Psychodiagnosics of stress]. St. Petersburg: Peter, pp. 90-93.



**Ерментаева А.Р.**

психология ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан, Астана қ., e-mail: erasem@mail.ru

**ТҰЛҒАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНДЕГІ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰН**

Қоғамның жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында адамның бәсекеге қабілеттілігін зерттеу және дамыту психология ғылымдары үшін өзекті мәселе болуда. Осыған орай, бәсекелес мінез-құлықты зерттеуге және тұлғаның позитивті бәсекеге қабілеттілігін дамытуға ғылыми-әдіснамалық бағдар ретінде болу үшін бәсекеге қабілеттіліктің психологиялық мазмұнға қатысты теориялық негіздеме ұсынылады.

Мақалада ықпалдасқан тұлғалық құрылым ретіндегі бәсекеге қабілеттіліктің көпжақты анықтамалары мен мәндік сипаттамалары шетелдік зерттеулер негізінде қарастырылады және талданады. Эмпирикалық деректер негізінде тұлғаның бәсекеге қабілеттілік мазмұнындағы позитивті сипаттамалар ретінде табыстылық, оңтайлы қарым-қатынас жасау, стресске тұрақтылық анықталады. Сондай-ақ, бәсекеге қабілеттілік мазмұнына агрессиялық, невротизм, депрессия, өшпенділік, әлеуметтік бейімсіздік сияқты басқа да бірқатар жағымсыз сипаттамалар қамтылатыны қарастырылады. Бәсекеге әсіре қабілеттілік құбылысы тұлғаның басқалардан артық болуға ұмтылысы; тұлғаның құрылымындағы бәсекеге қабілеттілік сипаттарының акцентуациясы; бәсекелес мінез-құлықтың дамуындағы теріс салдар ретінде анықталады. Тұлғада жоғары деңгейде, тұрақты және қарқынды түрде бәсекеге қабілеттіліктің дамуы маскулиндік негізде болатыны туралы деректер келтірілген. Сондай-ақ, феминдік ерекшеліктер бәсекеге қабілеттіліктің әлеуметтік-психологиялық бейімсіздікпен, аффектілікпен, эпизодты болумен және даму деңгейінің жеткіліксіздігімен байланысын анықтайды. Бәсекелес мінез-құлықтың типтері сипатталған; CW және CE бағдарлардың ерекшеліктері тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің формалары ретінде дәйектелген. Психологиялық мазмұнды талдау және негіздеу арқылы тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін позитивті дамытуға ғылыми-психологиялық, педагогикалық алғышарттардың жеткілікті екеніне қорытынды жасалды.

**Түйін сөздер:** бәсекеге қабілеттілік, тұлға, даму, бәсекеге әсіре қабілеттілік, гендерлік өзгешеліктер, CW бағдарлы бәсекелес мінез-құлық, CE формасындағы бәсекеге қабілеттілік.

Yermentayeva A.R.

doctor of psychological sciences, professor,  
L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Kazakhstan, Astana, e-mail: erasem@mail.ru

**Psychological content individual's of competitiveness**

In new socio-economic conditions of society, the study and development of the competitiveness of the individual become an urgent problem for the psychological sciences. In this regard, the theoretical justification of the psychological content of competitiveness as a scientific and methodological reference point for theoretical and experimental studies of the competitive behavior of the individual and the development of positive competitiveness is presented.

In the following article, on the basis of foreign research, the multivaluedness of the definition and intrinsic characteristic of competitiveness as an integrated-structural personality formation was identified and analyzed. On the basis of empirical data, positive characteristics in the content of competitiveness are revealed as parameters of success, optimal interpersonal communication, stress-resistance of the individual. Also, it was found that aggressiveness, neuroticism, depressiveness, hostility, social disadap-



tation, and other negative characteristics are included in the content of competitiveness. The phenomenon of hypercompetitiveness is defined as the desire of the individual to be superior to others; as an accentuation of competitive properties in the structure of the personality; as a negative consequence of the development of competitive behavior. Presented data shows that the high level, stability, and lability in the development of a competitive personality have a masculine basis; and, feminine traits determine the social and psychological disadaptability, affectivity, episodic and insufficient level of development of competitiveness. Types of competitive behavior and features of CW and CE orientations are described as forms of competitiveness of personality. Based on the analysis and theoretical substantiation of the psychological content, it is concluded that there are psychological and pedagogical preconditions for the positive development of the competitive behavior of the individual.

**Key words:** competitiveness, individual, development, hypercompetitiveness, gender features, CW orientation of competitive behavior; CE form of competitiveness.

Ерментаева А.Р.

доктор психологических наук, профессор,  
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Казахстан, г. Астана, e-mail: erasem@mail.ru

### Психологическое содержание конкурентоспособности личности

В новых социально-экономических условиях общества изучение и развитие конкурентоспособности личности становится актуальной проблемой для психологических наук. В связи с этим, представлено теоретическое обоснование психологического содержания конкурентоспособности как научно-методологический ориентир для теоретико-экспериментальных исследований конкурентного поведения личности и развития позитивной конкурентоспособности.

В статье на основе зарубежных исследований выявлены и проанализированы многозначность определения и сущностной характеристики конкурентоспособности как интегрированно-структурное личностное образование. На основе эмпирических данных выявлены такие позитивные характеристики в содержании конкурентоспособности, как успешность, оптимальное межличностное общение, стрессоустойчивость личности. Также обнаружено, что агрессивность, нейротизм, депрессивность, враждебность, социальная дезадаптация, и др. негативные характеристики входят в содержание конкурентоспособности. Определен феномен гиперконкурентоспособности как стремление личности к превосходству над другими; как акцентуация конкурентоспособных свойств в структуре личности; как негативное следствие развития конкурентного поведения. Представлены данные о том, что высокий уровень, стабильность и лабильность в развитии конкурентоспособной личности имеют маскулинную основу; и феминные черты определяют социально-психологическую дезадаптивность, аффективность, эпизодичность и недостаточный уровень развития конкурентоспособности. Описываются типы конкурентного поведения; особенности CW и CE ориентаций как формы конкурентоспособности личности. На основе анализа и теоретического обоснования психологического содержания сделан вывод о том, что имеются психологические и педагогические предпосылки для позитивного развития конкурентного поведения личности.

**Ключевые слова:** конкурентоспособность, личность, развитие, гиперконкурентоспособность, гендерные особенности, CW ориентация конкурентного поведения; CE форма конкурентоспособности.

### Кіріспе. Мәселенің өзектілігі

Қазіргі кезде Қазақстан азаматтары рухани жаңғыру және ділді жаңаша қалыптастыру заманында өмір сүруде. Сондықтан терең білімділік пен жоғары деңгейдегі интеллектуалдылыққа талаптардың арта түсуі тұлғалық қасиеттерінің заманға сай дамуымен шарттасады. Жалпы, қашанда тұлға дамуы және оның іс-әрекеттегі жетістіктері, табыстылығы өзара байланысты қарастырылады.

Жеке даралық дәріптелетін қоғамда бәсекеге қабілеттілік аса құнды тұлғалық қасиет

қатарында. Қазіргі қазақстандық қоғамда да бұл қасиеттің маңызы артуда. Ал, мемлекеттік деңгейде қазақстандық қоғамның жаңаша дамуындағы басты фактор ретінде тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі өзекті мәселе болып қойыла бастады. Президент Н.Ә. Назарбаев (2017) қоғамдық сананың жаңғыруындағы басты бағыт ретінде тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі бойынша міндеттерді шешуді атайды. Сонда, тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі Қазақстан Республикасының ұлттық идеясына айналды деуге болады.

Сондықтан қазақстандықтардың жаһандану үдерісіне сәйкес қазіргі өмір жағдайында бәсекеге

қабілеттілікті зерттеудің, оның психологиялық мазмұнын ашып, сипаттаудың және осы орайда мақсат-бағдарлы дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін жүйелеу мен психологиялық тәжірибесін қордаландыру қажет. Ал, бәсекеге қабілеттіліктің психологиялық мазмұнын анықтап, зерттеуге әдіснамалық бағдар болатын әлемдік ғылымда теориялар, эмпирикалық зерттеулерден алынған мәліметтер мен бірқатар тәжірибелік жұмыстар бар. Оған қоса, бүгінгі таңда біздің қазақстандық қоғамда кез келген тұлғаның, мысалы, кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттігін дамытудың психологиялық-педагогикалық алғышарттары да жеткілікті.

Шын мәнінде, кімнің «бірінші», «тұңғыш» болғысы келмейді? Себебі, басқалардан озық шығу ортада құрметке кенеліп, мақтаныш сезімімен, материалдық пайдамен бақытты өмір сүрудің кепілі сияқты. Ал, мұның басқа жағы да бар. Әлбетте, бәсекеге қабілетті тұлға ортаның өзіне, ісіне, тұрмыс-жағдайына деген қызғаныш, жеккөру сезімдерінің туындап, өршуіне себепкер де болады. Сондықтан, тек біздің көпшілікті ұлықтайтын қоғамда ғана емес, батыс мәдениетінде де бәсекеге қабілеттілікті әрі «жағымды» («жақсы») деп дәріптейді де, екінші жағынан, «жағымсыз» («жаман») деп жақтырмайды да.

Сондықтан, бұл мақала аясында тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің психология ғылымдарындағы анықталып, зерделену жағдайы **зерттеу нысаны** ретінде қарастырылады.

Ал, **зерттеу пәні** – теориялық және эмпирикалық жолдармен алынған тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін анықтап, сипаттайтын оның психологиялық мазмұны.

Психология ғылымдарында тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі, оның анықталынуы, құрылымдары мен ерекшеліктер туралы білімдерді біртұтас жүйелі психологиялық мазмұн ретінде сипаттап, талдау осы мақала аясындағы **зерттеу мақсаты** болады.

Көздеген мақсатқа жету үшін **зерттеу міндеттері** қойылды: 1) психология ғылымдарындағы бәсекеге қабілеттіліктің анықталынуы мен мәндік сипаттамасын айқындау; 2) тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің дамуындағы жағымды/жағымсыз бағыттарды айқындап, әсіре бәсекелестік туралы ғылыми түсініктерді топтастырып, талдау; 3) психология ғылымдарында анықталған бәсекеге қабілеттіліктің гендерлік ерекшеліктері туралы білімдерді қарастыру; 4) психологияда тұлғаның

бәсекеге қабілеттілігінің теориялық-эмпирикалық жолмен алынып, белгілі болған типтік ерекшеліктердің мазмұнын жинақтап, сипаттау; 5) тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін, соның ішінде, болашақ мамандардың бәсекелес мінез-құлқын психологиялық, педагогикалық жолмен дамытудың кейбір тұрғыларын қарастыру.

Мақала аясындағы зерттеуде тұлғаның бәсекеге қабілеттігіндегі психологиялық мазмұнын анықтау

Тұлғаның бәсекеге қабілеттігіндегі психологиялық мазмұнының ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан анықтау және талдау арқылы қазіргі отандық психология ғылымдарында бәсекелестік мінез-құлықты объективті, жүйелі зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін нақтылап алуға; дәйекті эмпирикалық деректер жинақтауға; тұлғалардың өзіне де, оның маңайындағы адамдарға да жағымды болатын бәсекелестік сапа-қасиеттерді практикада дамытуға мүмкіндік береді деген **пайымды** (яғни, теориялық зерттеулердегі болжам) ұстандық. Сонымен қатар, бұл пайымдауға сәйкес талданып, дәйектелген тұлғаның бәсекеге қабілеттігіндегі психологиялық мазмұн ғылыми-теориялық және әдіснамалық бағдар тұрғысынан **маңызын** айқындайды деп санаймыз.

Мақалада қолданылған **материалдар**: бәсекеге қабілеттілік мәселесі теориялық-эксперименттік тұрғыдан қарастырылған 60-тан аса ғылыми еңбектер.

Тұлғаның бәсекеге қабілеттігіндегі психологиялық мазмұнының анықтауда және дәйектеуде талдау, жинақтау, жалпылау, салыстыру, нақтылау сияқты **теориялық зерттеу әдістері** қолданылды.

### Зерттеу нәтижесі мен талдануы

*Психология ғылымдарында бәсекеге қабілеттіліктің анықталуы мен мәндік сипаттамасы.* Адамзат пен қоғам дамуындағы бәсекелестіктің маңызы XVIII ғасырда алдымен философияда, кейіннен XIX ғасырда элеуметтануда қарастырылған. Ал, XX ғасырда экономика мен менеджмент салаларында бәсекеге қабілеттілікті өндірістегі және тауар сатудағы табыстылықтың кепілі ретінде қарастыратын шетелдік теориялар пайда бола бастады. Жалпы, бәсекеге қабілеттіліктің экономикалық және социологиялық теорияларында қызметкердің табыстылық, көшбасшылық, стресске тұрақтылық, өзіндік дамуға ұмтылыс, бағыттылық, мотивация сияқты қасиеттері

маңызды орынға қойылады. Кейінірек отандық экономика және маркетинг салаларына қатысты «бәсекеге қабілеттілік» ұғымы, бәсекенің рөлі, бәсекеге қабілеттілікті бағалау, бәсекеге қабілетті маман дайындауға қойылатын талаптар туралы ғылыми ұстанымдар мен концепциялар орнықты.

Ал, бәсекеге қабілеттілік философиясына және білім беру жүйесінің субъектілерінде бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудың педагогикалық мәселелеріне ХХ ғ. соңында ТМД ғалымдары назар аудара бастайды. Тіпті, мамандардың бәсекеге қабілеттілігін шығармашылықпен өзіндік дамытуына бағытталған курс жоспарланып, Қазан мемлекеттік университетінде «Конкурентология» орталығы ашылады.

Психология ғылымдарында тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін ХХ ғасырдың соңғы жылдарынан бастап қана жаңадан категориялық талдау, зерттеу және оны дамыту мәселелері алға шығады. Дегенмен, осы аз ғана уақыт ішінде тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің кейбір жақтары бойынша әдебиетте әрмәнді анықтамалар, психологиялық теориялар мен тұрғылар пайда болды.

Жалпы, тұлғаның әртүрлі аспектілеріне қатысты мәселелерді қарастырған А. Маслоу (өзін-өзі өзектендіру), Р. Мартенс (бейімделу мен түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауға қабілеттілік), К. Роджерс (Мен-концепция), Г. Олпорт (тұлғалық диспозиция, проприум және кемелдік), Э. Шостром (тұлғааралық өзара әрекеттесудің конструктивті тәсілдері), және т.б. дәстүрлі түрде бәсекеге қабілеттілік психологиясының негізін салушылардың қатарында аталады.

Әдебиетке жасалған талдаудан бәсекеге қабілеттіліктің күрделі құрылым ретінде тұлғалық, когнитивті, аффективті, әрекеттік құраушылардың ықпалдастығынан түзілетіні айқындалды. Бұл құраушылар біртекті даму деңгейінде болмасы анық. Оның бірі қалай болғанда да жоталы бітіспен, яғни акцентуациямен ерекшеленеді. Мұндай акцентуацияны тұлғаның әлеуметтену ерекшеліктері мен әлеуметтік рөлдері, жас ерекшелігі, күзіреті мен күзіреттілігі, жыныстық айырмашылығы, жеке-даралығы анықтайтын көрінеді (J.M. Houston, S.A. McIntire, J. Kinnie, C. Terry, 2002; B.A. Кручинин, Д.С. Котикова, 2011; W. Bönthe, S. Lombardo, D. Urbig, 2017; және т.б.).

Қазіргі психология ғылымдарында көптеген зерттеушілер бәсекеге қабілеттілікті тұл-

ғаның өміріндегі маңызды жетістіктердің психологиялық шарты болатын жағымды қасиеттердің өзара күрделі, ықпалдасып құрылуымен анықтайды. Бұл анықтамалардағы тұлғалық және мінез-құлықтық параметрлер бойынша бәсекеге қабілеттіліктің кейбір мәндік сипаттамалары әртүрлі тұжырымдалады:

– бәсекеге қабілеттілік тұлғаның өзін-өзі дәлме-дәл тануға, өзін-өзі қабылдауға және жеке даралығын өзіндік дамытуға әлеуетті мүмкіндігін танытады (Wilson J.Q., 1993; Sampson E.E., 1998);

– бәсекеге қабілеттілік невротизмнің деңгейін төмендетудің; психологиялық денсаулықты арттырудың; дәлме-дәл өзін-өзі бағалаудың; басқаларға қамқорлық көрсете алудың; жомарттық танытудың; үздіксіз, тұрақты тұлғалық дамудың кешенді көрінісі болады (Ryckman R.M., Hammer M., Kaczor L.M., Gold J.A., 1996);

– бәсекеге қабілеттілік тұлғаның өз күзіреттілігін дәлме-дәл бағалауының шарты мен факторы болады (Klein W.M., 1997);

– бәсекеге қабілеттілік тұлғаның өзіндік дамуға және рефлексияға қабілетті болуымен сипатталады (Митина Л.М., 2003);

– бәсекеге қабілеттілік әлеуметтік қажеттіліктен пайда болатын қасиет (Чегринцева С.В., 2003);

– бәсекеге қабілеттілік жетістік үшін белсенді болуды білдіреді (Токарева Е.В., 2007);

– бәсекеге қабілеттілік позитивті тұлғалық қасиеттердің жиынтығы болады (Fletcher T.D., Nusbaum D.N., 2008);

– бәсекеге қабілеттілік мотивацияға байланысты (Newby J.L., Klein G.K., 2014); т.с.с.

Бәсекеге қабілеттіліктің арқасында, D.A. Sauers, K. Bass (1990) ұстанымына сәйкес, адам баласы барлық мүмкіндіктерді жүзеге асыра алады. Әрі бұл тұлғалық қасиет жеке даралық сипатпен анықталады. Бәсекелес мінез-құлық тұлғаның іс-әрекеттік, әлеуметтік жағынан жоғары жетістігін қамтамасыз етеді. Сонда, (Kirkcaldy B., 2003:306) адамдарды бәсекеге қабілеттілік негізінде салыстырып, осы орайдағы көрсеткішті арттыруға қол жеткізу мүмкін болады. Ал, бәсекеге қабілеттілікті бұл мағынада қарастыру көбінесе жеке даралық мәдениетке негізделген батыстық дәлме, дүниетанымға сәйкес келетін сияқты.

Сонымен қатар, бәсекеге қабілеттілік тұлғаның жағдайды бақылай алуын, өзін-өзі танытып, жүзеге асыру мүмкіндігі жоғары болуын анықтайды. Мұнда бәсекеге қабілеттілікке

эрқашан әлеуметтік орта тарапынан үнемі сырттай бақылау, сырттай бағалау процестері қабаттас болатынын ескеру керек. Осыған байланысты пайда болған шарасыздықты, дәрменсіздікті, депрессиялық симптомдарды бәсекеге қабілетті тұлға бәсеңдетеді, баса алады (Hibbard D.R., 2010:413).

Дегенмен, бәсекеге қабілеттіліктің тұлғаның өмір сүру мәнеріндегі, іс-әрекеттегі рөлі туралы психологиялық көзқарастар әртүрлі, кейде қарама-қарсы сипатта кездеседі. Мұнда бәсекеге қабілеттілік бір жағынан, кез келген тұлғаның психологиясына тән емес, бірегей қасиет ретінде ұлықталады, екіншіден, жағымсыз қасиет ретінде датталады.

*Бәсекеге әсіре қабілеттілік.* Әлбетте, батыстық, қазіргі заманда ұжымдық мәдениетте бәсекеге қабілетті адамға танданады, сүйсінеді, құрметтейді, үлгі тұтады. Алайда, уақыт өте келе тұлғаның бәсекеге ұмтылысы басқа адамдардың жағдайына, сезіміне, тіпті өміріне кері әсері тиюі ықтимал. Сондықтан, Н.S. Sullivan (1953) бәсеке адамдар арасындағы қатынаста болатын қолдауды және бірін-бірі жақын тартуды бұзатынын ескерткен еді.

Ал, тұлғаның өзін-өзі дәріптеуі мен тұлғаралық қатынастардағы жетістіктері бәсекеге қабілеттіліктің құрылымдық қасиеттеріне жататын көрінеді (Houston J.M., 2002:290).

Сонымен қатар, психологиядағы бәсекеге қабілеттіліктің ынтымақтастық белгілерімен теріс байланысы тағайындалған (Martin H.J., 1976:305). Мұнда, тіпті, бәсекеге қабілеттілік тұлғаның «басқалардың арқасында жетістікке жету» ерекшелігі ретінде анықталады. Олай болса, бұл қасиет аса күрделі психологиялық мәселеге негіз болмақ: біреудің жеңісі мен жетістігі басқа(ның)лардың жеңілісі мен сәтсіздігіне әкелмек.

Бәсекеге қабілеттілік индивидтің «тұлғаралық бәсекені, сайысты пайдалана алуы және озып шығып, басқалардан гөрі артық болуға ниеттілік» арқылы да түсіндіріледі (Spence J.T., 1983:41). Сонда, басқалардан асып кетуге деген ұмтылыстың астарында адамның аяусыздығы және эгоистік тұрпаты аңғарылмақ.

Шетелдік бірқатар зерттеулерде тұлғалық ерекшеліктердің ауқымды шамасының бәсекеге қабілеттілікпен байланысы анықталған. Сонда, қызбалық, адамның өзіне сенімділігі, басқалардан оқшаулануға бейімділік пен бәсекелес мінез-құлық арасында оңды байланыс шыққан. Ал, тұлғаның басқаларға ықыласты болуы, жылы шырай танытуы бәсекеге қабілеттілікпен

теріс корреляция көрсеткен. Сондай-ақ, бәсекеге қабілеттілік артқан сайын, тұлғаның адамгершілік (әділдік, қарапайымдылық, тартымдылық) нәзіктік, елгезектік пен құнттылық сияқты қасиеттері төмен дәрежеде танылатын көрінеді және керісінше (Fletcher T.D., 2008:316).

Сондықтан, психологияда бәсекеге қабілеттілікті тұлғаның жағымды қасиеттер қатарына қоспайтын ұстанымдар да бар. Әсіресе, алыс шетелдік зерттеушілер бәсекеге қабілеттіліктің тұлғаның жеке даралығына, әлеуметтік жағдайына, білімділігі мен мәдениеттілігіне байланысты негативті сипатпен дамитынын тағайындаған. Эксперименттік зерттеулер барысында тұлғалық қасиеттер арасынан бәсекеге қабілеттіліктің акцентуациялануының кері, жағымсыз тұстары ашылған. Содан кейбір ғылыми ұстанымдар, атап айтқанда, А. Kohn (Kohn A., 1992; 1993; 1999) бойынша бәсекеге қабілеттілік адамның «қалыпты» дамуына сәйкес келмейді. Автор бәсекеге қабілеттілік тұлғаның жағымды жақтарының емес, мысалы, эгоизмнің артуына әкеледі.

Сондай-ақ, зерттеулерде бәсекеге қабілеттіліктің өндірістің жақсаруына да әсері болмайтыны тағайындалған (Stanne M.B., 1999:141; Fletcher T.D., 2008:920). Тегі, бұған бәсекеге қабілеттіліктің әлеуметтік және эмоциялық аспектілер бойынша жағымсыз тұстары әсер ететін болар.

Әдебиеттен А типті тұлғалардың негізгі сипаттамалық ерекшелігіне бәсекеге қабілеттілік жататыны белгілі. Сондай-ақ олардың стресске тұрақты болмайтыны; талап қойғыштығы; нәтиженің сапалық емес, сандық жағына баса көңіл бөлетіні; ашушандықпен, кейде агрессиямен ерекшеленетіні тағы бар. Ал, А типті тұлғалар бәрінен де жүректің ишемиялық ауруы бойынша тәуекел топ құрайтыны анықталған (Booth-Kewley S., 1987:351). Бұдан кейбір тұлғалардың жүрек ауруына бәсекеге қабілеттіліктің себеп екендігі көрінеді.

S. Alm зерттеуінде жеткіншек шақта төменгі деңгейімен салыстырғанда, жоғары деңгейде бәсекеге қабілеттілік танытқан респонденттердің 48 жасқа жетер-жетпестен ажал құшу жайттарының әлдеқайда көбірек болатыны анықталған. Мұндай жағдай әйелдерге қарағанда ер адамдарда жиірек кездеседі екен. Сондай-ақ, бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейінен жастық шақта және орта жасқа жетпестен дүниеден кету жиілігі адамның әлеуметтік артықшылығының жоғары-төмен



болуына байланысты болмайтын көрінеді (Alm S., 2011:560).

Бәсекеге қабілеттіліктің жоғарыда аталған алаңдатар сипаттамалары бұл мәселені одан тереңірек психологиялық зерттеуді қажет ететіні сөзсіз. Сондықтан бәсекеге қабілеттіліктің психологиялық мәселесі жанаша ұстанымдарға әкелуде. Ең бастысы, бәсекеге қабілеттіліктің басқа да қасиеттер сияқты «төмен», «қалыпты», «жоғары» деңгейлері болатыны, «аса жоғары» деңгейдің акцентуациялықпен сипатталуын, одан кейін «шекаралық аймақ» басталатынын білген жөн. Осыған орай қазіргі кезде психологияда «бәсекеге әсіре қабілеттілік / әсіре бәсекелестік» ұғымы пайда болды. Осы ұғым бәсекеге қабілеттіліктің даму деңгейіндегі психологиялық және соматикалық жайттардың болуын толымды анықтамақ. Әдебиетте бәсекеге әсіре қабілеттіліктің кейбір психологиялық, әлеуметтік, экономикалық факторлары бірқатар айқындалған.

Бәсекеге әсіре қабілеттіліктің тұлға қасиеттерінің дамуымен өзара байланысы, шарттастығы болатыны белгілі. Бәсекеге қабілеттіліктің мазмұны мен сипатын, тұлғалық қасиеттермен байланысын қазіргі шетелдік психологтер «Үлкен бестік» («Big-Five») әдістемесі арқылы айқындауда. Сондай бір зерттеуде бәсекеге әсіре қабілеттілік пен тұлғаның келісімге келе алуға қабілеттілігінің барлық аспектілері арасындағы оң корреляция алынған (Ross S.R., 2003:329-333). Сондай-ақ, әсіре бәсекелестік невротизммен және оның өрескел өшпенділік жағымен оңды байланыста болатын көрінеді. Әрі бәсекеге әсіре қабілеттілік төмен дәрежедегі байланысты альтруизммен, өзін-өзі бағалаумен, оңтайлы психикалық денсаулықпен бейнелейді. Бәсекеге әсіре қабілеттілік пен экстраверсияның екі сипаты – қызбалық және позитивті эмоция арасында; ашықтықтың төрт аспектісі – идея, эстетика, әрекеттер, құндылықтар арасында; табысты болуға ұмтылыс арасында оңды корреляция шыққан.

Бәсекеге қабілеттіліктің невротизммен, эгоизмнің жоғары деңгейімен, макиавеллизммен, догматизммен, басқаларға деген сенімсіздікпен оңды және өзін-өзі бағалаумен теріс байланысы қалай эмпирикалық деректерде көрсетіледі. Бұл көрсеткіштер бәсекеге әсіре қабілеттіліктің мазмұнын аша түседі. Әсіре бәсекелестік «қадір-қасиетін сақтау немесе арттыру жолында адамдардың бәсекелесуді және қайткенде жетістікке жетуді (шығынсыз) тұрлаусыз таңдауын» білдіреді (Ruckman R.M., 1990:630).

Оған қоса, бәсекеге әсіре қабілеттілік көптеген амал-тәсілдер арқылы басқа адамдарға қатысты манипуляция, агрессия, эксплуатация, нарциссизм және қорлау көрсетумен ілесе жүретін көрінеді. Осы орайда әлеуметтік-психологиялық бейімсіздігі салдарынан бәсекеге әсіре қабілетті тұлғалардың басқа адамдарға кешірімді қатынас көрсете алмайтын ерекшеліктері арнайы эмпирикалық зерттеуде анықталған (Collier Sh.A., 2010:540).

Олай болса, бәсекеге әсіре қабілеттілік тұлғаның не өзіне, не ортадағы басқа адамдарға, тіпті, өзіне де, өзгеге де пайдалы емес, керісінше, аса зардапты салдары болады.

*Бәсекеге қабілеттіліктің гендерлік ерекшеліктері.* Бүкіл әлемде ер адамдар әйелдермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары табысты қызметтер атқарады; жоғары лауазымдарға ие. Ал, басшылықта көбінесе ер адамдар да, мектепте, мысалы бастауышта әйел-педагогтер еңбек етеді. Бұл жағдайлар тұлғалардың бәсекеге қабілеттілік танытуындағы гендерлік ерекшелік болар. Осыған орай, психологияда гендерлік стереотиптерді зерттеу арқылы ер адамдарда бәсекеге қабілеттіліктің әйелдермен салыстырғанда жоғары деңгейде болуы туралы бірқатар мәліметтер жиналған. Себебі, A. Kohn (Kohn A., 1992:34) ескерткендей, ер адамдар бала кезден бәсекеге қабілетті болуға дайындалады. Сондай-ақ, ерте жастан ер балалар бәсекелестік әрекеттерді спорттық сайыс сияқты қабылдап, белсенділік танытып өседі (Mathur R., Berndt T.J., 2006:366).

Ал, этнопсихологиялық зерттеулерден әйелдер табиғатынан әлеуметтік өзара әрекеттесу мен өзара қатынас жасауға, ынтымақтастық пен қолдау көрсетуге бағдарланатыны белгілі. Сондықтан, қыздарға ер балалармен салыстырғанда бәсеке жағдайының әлдеқайда қолайсыз болатын көрінеді (Benenson J.F., 2002:238).

Сондай-ақ, бәсекеге әсіре қабілеттіліктің пайда болып, қарқынмен дамуы әйелдердің дұрыс тамақтана алмауымен байланысты екені анықталған (Bugckle M.A., 1999:821).

Ал, ерлі-зайыптылардың қатынастарындағы қиындықтарды индивидтердің бәсекеге әсіре қабілетті болуынан шығатын сияқты (Ruckman R.M., 2002:527). Сондай-ақ, мұнда бәсекеге әсіре қабілеттіліктің адалдықпен және альтруизммен байланысының әлсіздігі, статистикалық мәнді еместігі анықталған. Оның бір себебі бәсекеге қабілеттіліктің салдары ер адамдар мен әйел адамдардың психологиялық ерекшеліктеріне қарай типтік әртүрлілігінен болар.



Жалпы, қыздар өздеріндегі бәсекеге қабілеттілікті, агрессияны ашық көрсетпеу үшін әлеумет-бағдарлы дамиды сияқты (Underwood M.K., 2003). Ал, A.L. Booth, P.J. Nolen (2009) қыздардың бәсекеге қабілеттілігі жыныстық гомогенді ортада – қыздар мектебінде жоғары деңгейде танылатыны туралы тұжырым жасаған екен.

Ер адамдармен салыстырғанда әйелдердегі бәсекеге әсіре қабілеттіліктің достық қатынастың әлдеқайда төмен деңгейімен байланысты болуы белгіленген (Schneider B.H., 2005:189). Бұл байланыс әсіресе ұжымдық мәдениет жағдайына тән көрінеді. Олай болса, бәсекеге қабілетті мінез-құлықты жоғары деңгейде көрсеткен әйелдер жақын қарым-қатынасқа бейімсіз келеді.

Сондай-ақ, кейбір эмпирикалық зерттеулер бойынша, ер адамдар әйелдерге қарағанда бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін белгілі бір жағдайларда ғана танытады екен. Ер адамдардың өзін-өзі бағалауы жоғары болса және дос-жарандар рейтингісінде алдыңғы орында болса ғана олардың бәсекеге қабілеттілігі жоғары деңгейге сәйкес келген (Hibbard D.R., 2010:421).

Олай болса, ер адамдардың арасында бәсекеге қабілеттілік, ашық түрдегі бәсекелестіктің белгілері жоғары бағаланып, дәріптеледі. Ал, әйелдер тарапынан олардың әлеуметтену ерекшеліктеріне байланысты бәсекеге қабілеттілік ер адамдарға тепе-тең дәрежеде ұлықталмайды да, танылмайды да деп санаймыз. Себебі, жеке даралық мәдениетті айтпағанда, ұжымдық ділді ұстанатын қоғамдарда білім алуда, мансапқа жетуде, еңбекте айтарлықтай зор жетістікке ие болған әйелдер аса көп кездеседі. Тек қана әйелдердің ғана емес, жалпы, бәсекеге қабілеттіліктің гендерлік ерекшеліктерін психологиялық зерттеу тым жеткіліксіз деп санаймыз. Әсіресе, мұнда әлеуметтік және этникалық тұрғыдан бәсекеге қабілеттіліктің гендерлік мазмұны әлі ашылмаған.

*Бәсекелес мінез-құлық типтері.* Психологияда бәсекеге қабілеттіліктің типтік жіктемелері бар. Соның ішінде бәсекелес мінез-құлықтың мотивациялары немесе бағдарларына негізделіп, екі тип ажыратылады:

1) басқалардан озып, артық көріну, жеңіп шығуға бағдарланатын бәсекеге қабілеттілік – CW («*competing to win*»);

2) әрекетпен жетістікке жетуге бағдарланатын бәсекеге қабілеттілік – CE («*competing to excel*»).

CW бойынша бір адамның жеңісі басқаның жеңілісіне байланысты болады. Мұнда бәсекеге

қабілетті тұлғаның мақсаты өз қарсыласынан немесе бәсекелесінен озық болып, оны «шаң қаптыру» екені даусыз. Басқаша айтқанда, CW жетістікке жетіп, табысты болуды емес, қарсыласына өзінің артықшылығын танытуды, озбырлығын көрсетуді көздейді. Осыған байланысты CW мен агрессияның арасындағы байланыстың күштілігі эмпирикалық зерттеуде дәлелденген (Hibbard D.R., 2010:414).

CE басқаның алдын орауға бағдарланбайды. Бірақ, CE қалай да жеке өзі жетістікке жетудің бәсекелестік амал-тәсілдерін қолдана алады. Бәсекеге қабілеттіліктің бұл түрін R.M. Ruckman, M. Hammer, L.M. Kaczor, J.A. Gold (1990) «тұлғалық дамудағы бәсекеге қабілеттілік»; R.E. Franken, D.J. Brown (1996) «жақсылап, дұрыстап орындауға қажеттілік»; F. Tassi, B.H. Schneider, J.F. Richard (2001) «міндетке бағдарланған бәсеке» деп қарастырады. Қалай болғанда да, CE бәсекені өзінің жеке басының жетістігі үшін қолданады.

Бәсекеге қабілеттіліктің мұндай екі бағдары гендерлік ерекшеліктермен де байланысты болуы керек. Бәсекелестік кезінде кейбір шиеленістік, басымдылық таныту, агрессиялық қылық жағдайлардың кездесуі ықтимал. Ал, енді, мұндай жағдайлар әйелдермен салыстырғанда ер адамдарға қалыпты сияқты болып, әлдеқайда жиірек, ашық көрінуі мүмкін. Дегенмен, CW бағдарлы әйелдердің өмірінде әлеуметтік және эмоциялық мәселелер көбірек орын алатыны; жалғыздық сезімінің жоғары болатыны; ер адамдармен салыстырғанда депрессиялық симптомдар жиі кездесетіні эксперимент арқылы анықталған. Оған қоса, талай психологиялық зерттеулерде агрессия мен депрессияның арасындағы байланыстың әйелдерде күшті, ер адамдарда әлсіз болатыны табылған (Burton L., 2007:48). Әрі, CW формасына сәйкес бәсекеге қабілеттілік танытатын әйелдердің ұжымдық ділге сәйкес әлеуметтік ортада позитивті бағалануы күрделі мәселе деп санаймыз. Бұдан біртіндеп әйелдердің тұлғааралық қатынас жасауда қиындықтары көбейіп, өздеріне деген құрметі төмендейді. Сондықтан, CW деңгейі неғұрлым жоғары болса, әйелдер соғұрлым эмоциялық жайсыздықты бастан кешіретін болады.

Ал, CE бәсекеге қабілеттіліктің әлдеқайда әлеуметтік ортадағы ыңғайлы болмаса да нейтралды формасын бейнелейді деуге болады. Мұнда тұлға тек өзінің жеке басының жетістікке жетуіне және сол үшін оған әлеуметтік ортаның қошемет көрсетуіне мүдделі. Сонымен қатар, бір қызық жайт анықталған: жеке даралық та,

